



АЗАТ ЕЛІМ, АШЫҚ БОЛСЫН АСПАНЫҢ!

7 МАМЫР,
2026 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБИ
№48 (23 662)

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Құрметті Отан қорғаушылар, қадірлі ардагерлер!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн Отанға деген шынайы сүйіспеншілік пен адалдықтың символы іспетті. Біздің Тәуелсіз еліміздің Қарулы Күштері ата-бабаларымыз бен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің даңқты дәстүрлерін жалғастырып келеді. Олардың шынайы патриотизм мен жанқиярлықтың үлгісі болып табылатын ерлік істері халқымыздың жадында мәңгі қалады.


Отанды қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Бүгінде біздің Отан қорғаушыларымыз қызмет атқару барысында батылдық пен темірдей тәртіп, антақ адалдықты таныта отырып, мемлекетіміздің бейбітшілігі мен тұрақтылығын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуде.

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды
облысының әкімі
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының
төрағасы

ТАҒЫМ

Ерлікке құрмет – елдікке міндет



Жеңіс күні қарсаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев соғыс ардагерлерімен, тыл еңбеккерлерімен, Ленинград блокадасының куәгерлерімен және концлагерьдің бұрынғы тұтқындарымен келелі кездесу өткізді. Алқалы жынға облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов, облыстық Ардагерлер кеңесінің мүшелері, зиялы қауым өкілдері, әскери мектеп тәрбиеленушілері мен өнер ұжымдары қатысты.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрметке толы жүздесу облыс орталығындағы «Аристар» салтанат сарайының Ағылшын залында өтті. Мерекелі жиын басталмас бұрын қонақтар үшін фойеде әскери тақырыптағы музей экспонаттары мен әскери жабдықтар көрмесі ұйымдастырылды. Ардагерлерді кіреберісте әскери үрмелі аспаптар оркестрі қарсы алды. Ал, Талғат Бигелдинов атындағы республикалық әскери мектептің тәрбиеленушілері құрмет дәлізін жасап, қонақтардың кеудесіне Жеңістің естелік ленталарын тақты.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев ардагерлерді мерекемен құттықтап, олардың ерлігі бүгінгі бейбіт өмірдің негізі екенін атап өтті.

– Жылдар өтеді, ұрпақ алмасады. Бірақ, адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыста жасалған ерлік мәңгілікке батылдықтың, төзімділіктің және Отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісі болып қала береді. Сіздер өмірдің қадірін әңгімеден емес, өз бастарыңыздан өткен сынақтар арқылы білдіңіздер. Бізге өмір



сүруді сөзбен емес, іспен үйреттіңіздер. Біз осы аманатқа адал болып, бейбіт болашақты бірге құруды жалғастырамыз. Осындай бейбіт өмір сыйлағандарыңыз үшін көптен-көп рақмет! Мемлекетіміз аман, елімізде әрқашан тыныштық болсын! Мереке құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Қазіргі таңда аймақта алты соғыс ардагері тұрады. Олар – Сұңғат Сәттіқұлов, Мария Шинкевич, Александр Балабас, Иван Скрипников, Виктор Шелудяков және Анна Котова.

Сонымен қатар, өңірде 2029 тыл еңбеккері, 89 майдангердің жесірі, сондай-ақ, концлагерьдің бұрынғы 33 тұтқыны мен қоршаудағы Ленинград тұрғындары бар.

Соғыс жылдары Қазақстаннан майданға 1 миллион 200 мыңнан астам адам аттанса, Қарағанды облысынан 60 мыңға жуық азамат шақырылған. Өкініштісі, олардың 25 мыңы туған жеріне оралмады. Қарағандыда жасақталған 77-артиллериялық полк Сталинградтан Братиславаға дейінгі даңқты

жолдан өтті.

Өңірден шыққан көптеген жауынгерлер майдан даласында ерен ерлік көрсетті. Қарағанды облысынан 34 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, 13 жауынгер – «Даңқ» орденінің толық кавалері. Мыңдаған қарағандылық орден-медальдармен марапатталды. Олардың қатарында Нұркен Әбдіров, Қазыбек Нұржанов сынды ерлер бар.

2-бет

«Отанға қызмет етемін!»



Көктем келісімен ел бойынша басталатын мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны – қоғамдағы көзқарастар мен көңіл күйді айқын көрсететін маңызды кезең. Әсіресе, соңғы жылдары бұл тақырып төңірегіндегі пікірлер сан алуан сипат алып, «Әскерге бару – міндет!» деген дәстүрлі түсінік «Әскерге бару таңдау ма?» деген сауалмен қатар қойыла бастады. Бірі әскери қызметті «Азаматтық борыш!» десе, екіншісі оны жеке жоспарларға кедергі ретінде қабылдайды. Ал, ата-аналар үшін бұл – алаң көңіл мен амандық тілеген үміттің арасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадта сөйлеген сөзінде: «Алтын Орда, Қазақ хандығы кезіндегі баһадүр бабаларымыз кең-байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – Тәуелсіздігіміздің қорғаны» деген еді.

Осы орайда «Облыстағы көктемгі әскерге шақыру науқаны қалай жүзеге асып жатыр?», «Ресми жоспар мен нақты көрсеткіш сәйкес пе?», «Жастардың ниеті неге құбылып тұр?» деген сынды сұрақтарға дерек пен пікір негізінде жауап іздеп көрдік.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 14 наурыздағы №12/02 Жарлығына сәйкес, 1 наурыздан бастап, аймақтарда шақыру комиссиялары өз жұмысын бастап та кетті.

Қарағанды облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті басшысының орынбасары, подполковник Еркебұлан Мұстағұловтың мәліметінше, биылғы көктемгі шақыру науқаны жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Жалпы, жоспар бойынша 1140 азаматты мерзімді әскери қызметке жіберу көзделген.

Оның ішінде, нақты көрсеткіштерге тоқталсақ, бүгінгі күнге дейін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне – 90, Мемлекеттік қүзет қызметіне – 11 азамат, ал, Қорғаныс министрлігінің құрлық әскеріне бөлінген 670 орынның 340-ы көктемгі кезеңге жоспарланған болса, қазіргі таңда 267 жас сарбаз әскер қатарына алынып, 79 азамат түрлі себептермен шақырылмай қалыпты.

Жоспар мен нақты нәтиже арасындағы алшақтық қоғамда жиі сұрақ тудырады. Алайда, мамандар бұл объективті жағдай екенін айтады.

– Жоспарға қарағанда шақырылуға жататындар саны әлдеқайда көп. Бірақ, нақты тапсырма тіркеудегі азаматтар санына қарай бөлінеді. Мысалы, Қарағанды қаласының өзінде 10 мыңнан астам шақырылушы тіркелген. Оның ішінде, басқа өңірлерден келіп, осында оқып жатқан студенттер көп. Олар тіркеуде тұрғанымен, оқуын жалғастырып жатыр. Сондықтан да, жоспар мен мерзімді әскери қызметке нақты баратындар арасында айырмашылық болуы – заңды құбылыс, – дейді Еркебұлан Мұстағұлов.

Бұл дерек қазіргі қоғамдағы маңызды үрдісті аңғартады. Яғни, жастардың басым бөлігі білім алуға басымдық бергісі келеді. Жоғары оқу орнына түсу, кәсіби бағыт таңдау олардың басты мақсатына айналған.



Суреттерді түсірген: Думан Құрманғалиев. Коллажды жасаған: Аралым Котырова

5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 543.55

•USD/KZT 465.01

•RUB/KZT 6.15

•CNY/KZT 68.08

Қазақстан Ұлттық Банкінің
6 мамыр, 2026 жылғы дерегі бойынша

Ерлікке құрмет – елдікке міндет

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кездесу барысында 103 жастағы соғыс ардагері Сұнғат Сәттіғұлов бүгінгі бейбіт күннің бағасын терең сезіну керектігін айтты. Майдангер 18 жасында соғысқа аттанып, Сталинградты азат ету шайқасына қатысқан. Жараланғанына қарамастан, қайта сапқа оралып, Жеңісті Минск қаласында қарсы алған.

– Біз көрген соғыс пен қиындықты кейінгі ұрпақ көрмесін. Бүгінгі бейбіт өмір – ең үлкен байлық. Ел аман, жұрт тыныш болсын! Жеңістің қадірін, бейбіт күннің бағасын әрдайым ұмытпауымыз керек.

Жыл сайын бізді елестеріп, төрге оздырып, құрмет көрсетіп жүрген аймақ басшылығына алғысым шексіз. Ардагерлерге жасалып жатқан қамқорлық – өткенге деген құрмет, келешекке деген өнеге, – деді Сұнғат Смағұлұлы.

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов өз құттықтау сөзінде ардагерлердің өмірлік өнегесіне кеңінен тоқталды.

– Сіздер майданның от-жалынынан өтіп, соғыстан кейінгі ауыр жылдарда елді қайта көтеруге бар күш-жігерлеріңізді арнадыңыздар. Қирағанды қалпына келтіріп, қалаларды көркейттіңіздер, өндірісті өркендеттіңіздер. Отбасы құрып, ұрпақ тәрбиеледіңіздер. Қандай сынақ көрсеніздер де, адамдық болмыстарыңызды, жүректің мейірім мен елге деген сүйіспеншілікті сақтай білдіңіздер. Сондықтан, сіздердің өмір жолдарыңыз – бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін тағалым мектебі. Ерліктеріңіз бен еңбектеріңіз ел жалынды мәңгі сақталады, – деді ол.

Салтанатты жиында тұл еңбеккерлерінің де жанқиярлық еңбегі ескеруісіз қалмады. Соғыс жылдары Қарағанды облысының көмір өнеркәсібі, кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы майданды қажетті өніммен қамтамасыз етіп, Жеңіске зор үлес қосты. Тылдағы ерен еңбегі үшін 96 адам «Социалистік Еңбек Ері» атанып,



мындаған азамат «Ұлы Отан соғысындағы еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Жиында тұл еңбеккерлері де сол жылдардың ауыртылығын еске алды. Соғыс жылдары бала бола тұра колхозда еңбек еткен Карл Жансағымов сол кезеңде барлық жұмыс қолмен атқарылғанын, балалардың да ересектермен бірге еңбекке араласқанын айтты. Ленинград қоршауының ауыр кезеңдерін сол кезде небәрі алты жаста болған Вера Волкова еске алды. Балалық шағы аштық пен суық, үрей мен үміт арпалысқан шаққа тұспа-тұс келген оның отбасы кейін Қазақстанға эвакуацияланған.

– Ол күндерді еске алу өте ауыр. Біз әбден әлсіреген, титықтаған күйде едік. Қазақстанға келгенде адамдар бізді жатынға жок. Қолындағы соңғы наным бөлісіп, жылы сөзін айтып, қолдау көрсетті. Қазақстан халқына көрсеткен жылуы мен көмегі үшін шексіз ризамын. Мұны

ұмыту мүмкін емес, – деді Вера Волкова.

Мерекелік бағдарламада Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік, академиялық музыкалық комедия театрының әртістері, балалар шығармашылық ұжымдары және Қарағанды облысы полиция департаментінің «Сарыарқа» ансамблі өнер көрсетті. «Жас казак», «Мәншүк», «Память...», «Идет солдат по городу», «Қазақ вальсы», «Отаным», «Отан қорғаушылар» және «Жеңіс күні» секілді шығармалар орындалып, әр нөмір ардагерлерге деген құрмет пен ұрпақ алғысын жеткізді.

Жүздесу соңында қатысушылар ардагерлермен бірге естелік суретке түсті. Бұл күн өткенге тағзым, бүгінге шүкіршілік, келер ұрпаққа аманат болған әсерлі кездесу ретінде есте қалары кәдік.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Өртке қарсы жаңа тәсіл

Облыста өртпен күресте жаңа тәсіл енгізіле бастады. Енді жағалау маңындағы өрттерді сөндіруге су көлігі тартылмақ. Аталған әдіс құтқарушыларға жетуді қиын ауа-қатты жағдайларда жетіп, тілсіз жаудың таралуын дер кезінде тоқтатуға мүмкіндік береді. Бұл туралы облыстың төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Салтанат ЛІШИЦ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өрт қауіпі жоғары маусым басталысымен өңір құтқарушылары дайындықты күшейтті. Облыстың төтенше жағдайлар департаментінің мамандары арнайы оқу-жаттығулар өткізіп, су маңындағы

қамыс пен құрғақ өсімдіктердің жануын сөндірудің жаңа әдісін пысықтады. Негізгі мақсат – техника бара алмайтын аймақтарға жедел жету.

Жаңа тәсіл бойынша енді моторлы қайықтар пайдаланылмақ. Олар мотопомпалармен, өрт сөндіру жөндерімен және лафеттік оқпандармен жабдықталған. Мұндай техника суды тікелей су айдындарынан алып, өрт ошағын сол жерде оқшаулауға мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, бұл әдіс ең алдымен уақытты үнемдеуге бағытталған. Себебі, жағалау бойындағы өрттер көбіне қолжетімсіз жерлерде тұтанып, арнайы техниканың жетуін қиындатады. Ал, су көлігі арқылы құтқарушылар өрт орнына әлдеқайда тез жетіп, жалынның кең таралуына жол бермейді.

Төтенше жағдайлар департаменті

жаңа тәсілдің тиімділігі жоғары екенін атап өтуде. Әсіресе, жаз мезгілінде құрғақ шөп пен қамыс жиі тұтанатындықтан, мұндай жедел әрекет ету мүмкіндігі аса маңызды.

Бұл әдіс тәжірибеде де сыналдып үлгерді. Жұырда Теміртау қаласында өткен оқу-жаттығуда құтқарушылар жаңа технологияны іс жүзінде қолданды. Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Нұрмұхамед Интуевтің айтуынша, бұл тәсіл алдағы уақытта кеңінен енгізіледі.

Жаңа әдіс – тек техникалық жаңалық емес, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жүйелі өзгерістің белгісі. Қарағанды құтқарушылары табиғи қауіп-қатерге бейімделіп, заманауи шешімдерді қолдану арқылы өңір қауіпсіздігін күшейтуді көздеп отыр.

• ЖОБА

Болашақ басшы қандай болмақ?

Қазақстанда алғаш рет қанатқакты режимде іске қосылған «Болашақ басшы» жобасы Қарағанды облысында өз мәресіне жетті. Бастаманың негізгі мақсаты – білім беру ұйымдары үшін жаңа буын қосбасшыларын қалыптастыру, болашақ мектеп директорларының өңірлік кадрлық резервін даярлау.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба Қарағанды облысы білім басқармасының 2025 жылғы 26 қарашадағы №738 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды. Бағдарламаны ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеуді «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК жүргізді. Бағдарламаға қатысу үшін 400-ден астам үміткер тіркеліп, олардың ішінен, 200 маман арнайы іріктеуден өтті. Қатысушылар қатарында мектеп директорларының орынбасарлары, педагогтар, білім бөлімдерінің мамандары мен әдіскерлер болды. Іріктеу өтінімдерді қабылдау, психометриялық тестілеу, қосбасшылық әлеуетті бағалау және оқыту модульдері секілді кезеңнен тұрды.

Оқу курсы 2026 жылдың 5 қаңтарында басталып, жалпы көлемі 320 сағатты қамтыған 7 модуль бойынша ұйымдастырылды. Бірнеше айға созылған бағдарламаны 169 педагог сәтті аяқтап шықты.

– Бұл курс заманауи білім беру жүйесіндегі басқарушылық құзыреттілікті арттыруға бағытталған өте құнды әрі мазмұны терең жоба болды. Төрт айға созылған оқу барысында біз тек теориялық білім алып қана қоймай, мектеп менеджменті, стратегиялық жоспарлау және қосбасшылық қасиеттерді дамыту бойынша тәжірибе жинақтадық. Оқу бағдарламасы білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерден бастап, ұжымдағы психологиялық климатты реттеуге дейінгі өзекті тақырыптарды толық қамтыды. Әрбір сабақ нақты кейстерді талдауға, мектеп өмірінде кездесетін қиындықтарды тиімді шешу жолдарын іздеуге бағытталды. Кәсіби өсу болды, – деді Абай қаласы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі Алтыннұр Шашубай.

Бағдарлама аясында тыңдаушылар стратегиялық менеджмент, нормативтік-құқықтық сауаттылық, қаржылық менеджмент, мемлекеттік сатып алу, цифрландыру және жасанды интеллект, HR-технологиялар, дағдарысты басқару бағыттарын меңгерді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарын дамытуға арналған SWOT және PESTLE талдау әдістері, корпоративтік мәдениет қалыптастыру, жанжалдарды шешу және командалық басқару тәсілдері қарастырылды.

Жоба ерекшелігінің бірі – цифрландыру мен жасанды интеллект құралдарын басқару жүйесіне енгізуге басымдық берілуі. Қатысушылар әкімшілік жұмыстарды автоматтандыру, деректерді талдау және цифрлық қауіпсіздік бойынша практикалық дағдыларды меңгерді. Салтанатты жабылу рәсіміне жоба түлектері, тренерлер, білім беру ұйымдарының басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты. Іс-шара барысында бірнеше айлық оқыту кезеңдерін қамтыған бейнеролик көрсетіліп, қатысушылардың жетістіктері таныстырылды.

Жиында Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев сөз сөйлеп, жобаның өңірдегі білім беру жүйесі үшін маңызын атап өтті. Оның айтуынша, бағдарлама болашақ басшылардың кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, білім беру саласына жаңа басқарушылық көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шара барысында жобаға үлес қосқан тренерлер марапатталып, түлектерге арнайы сертификаттар табысталды. Сертификат алған қатысушылар алдағы екі жылға өңірлік кадрлық резерв құрамына ену мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, курс түлектеріне кәсіби нетворкинг пен кейінгі сүйемелдеу жұмыстары ұйымдастырылатыны айтылды.

Сурет ұйымдастырушылардан

Киелі мекенге жанашырлық

Қарағанды қаласында «АМАНАТ» партиясының Қарағанды облыстық филиалы мен «Жастар рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен «Киелі мекен», «Ардагерлерді ардақтайық» – «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тарихи-мәдени ескерткіштер мен табиғи аумақтарды тазартуға, абаттандыруға бағытталған ауқымды апталық өтті. Аталған шара Жеңіс күні мерекесі қарсаңында ұйымдастырылып, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырумен қатар, ел тарихына, киелі орындарға деген құрметті арттыруды көзделді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Апталық аясында өңірдегі маңызды тарихи-мәдени нысандар мен табиғи аумақтарда кешенді тазалық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, Қарқаралы ұлттық паркі, Көкшетау ұлттық паркі, Баянауыл ұлттық паркі және Ұлытау өңірі сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қамтылып, кең көлемді сәнбиліктер ұйымдастырылды. Нәтижесінде, 12 тоннадан астам қоқыс жиналып, табиғи орта мен тарихи ескерткіштердің айналысуы ретке келтірілді. Бұл көрсеткіш атқарылған жұмыстың ауқымын ғана емес, қоғамның табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттып келе жатқанын да аңғартады.

«АМАНАТ» партиясының Қарағанды қалалық филиалының төрағасы Юлия Бадина атап өткендей, бүгін партия мүшелері мен «Жастар рухы» жастар қанаты



«Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында кезекті акция өткізуде. Бұл шаралар Ұлы Жеңіс күні қарсаңындағы маңызды әрі тағалым мол бастамалардың бірі саналады.

– Біз үшін алда тұрған мереке – Жеңіс күні ерекше маңызға ие. Осыған орай ұйымдастырылып жатқан мұндай акциялар тарихи-мәдени мұраны сақтау, естелікті жаңғырту және қоршаған ортаны абаттандыруға бағытталған. Мұндай жұмыстар жыл сайын тұрақты түрде өткізіліп келеді. Кезекті іс-шара Қарағанды қаласындағы Жеңіс саябағында өтті. Мұнда түрлі

жастағы азаматтар мен жастар бірігіп, ескерткіш маңын тазарту, қоғалдандыру және ретке келтіру жұмыстарын жүргізді.

– Біз бұл жерге ескерткіштің маңын абаттандыру үшін келдік. Өйткені, өткенімізді ұмытпау, тарихымызды құрметтеу – әрбір азаматтың парызы. Ел тарихы бай. Сондықтан, оны сақтау – ортақ міндет. Бүгін акцияға 40-қа жуық адам қатысып жатыр. Олар аумақты тазалап, суару жұмыстарын жүргізіп, айналысу ретке келтірді. Депутаттық корпус өкілдері де бұл бастамаға қолдау білдіріп, белсенді қатысуда, – деді ол.

Айта кету керек, бұл акция жыл сайын Жеңіс саябағында, «Мәңгілік алау» мемориалы аумағында және қаланың орталық саябағындағы жауынгерлерге арналған ескерткіштер маңында тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Жоба тек ескерткіштерді күтіп-баптаумен шектелмейді. Оның аясында ардагерлер мен тұл еңбеккерлеріне көмек көрсету жұмыстары да қарастырылған. Ұйымдастырушылар ардагерлердің үйлеріне барып, ауласын тазалау, тұрмыстық көмек көрсету секілді игі істерді жүзеге асырады.

– Бұл бастама тек тазалық жұмыстарын қамтып қана қоймай, аға буынға құрмет көрсету мен тарихи жадыны сақтау бағытында да маңызды рөл атқарады, – деп түйіндеді «АМАНАТ» партиясының Қарағанды қалалық филиалының төрағасы Юлия Бадина.

Шараның басты бағыты – тарихи орындарды сақтау және оларды күтіп-баптау мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатта ескерткіштер, мемориалдық кешендер, қасиетті нысандар мен олардың аумағы тазартылып, абаттандыру және қоғалдандыру жұмыстары жүргізілді. Қоғамдық маңызды зор мұндай орындарды күтіп ұстау – ұлттық құндылықтарды сақтаудың және өскелең ұрпаққа тарихи мұраны жеткізудің маңызды тетігі екені атап өтілді.

– Бүгін «АМАНАТ» партиясының Қарағанды облыстық филиалының «Жастар рухы» жастар қанаты белсенділері тарихи-мәдени ескерткіштер мен табиғи аумақтарды тазартуға шықты. Осы акция жастардың бойындағы мәдени мұра нысандарына әрі қоғамдық кеңістіктерге ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастырады. Әрі



азаматтардың бойында мемориалдық нысандарға, ескерткіштерге бейжай қарамай оларға аса ұқыптылықпен қарау көзделген. Мұндай іс-шаралар рухани құндылықтарымызды байыттып, тарихи ескерткіштерімізге ұқыптылықпен қарауды үйретеді, – деді «Жастар рухы» жастар қанатының белсендісі Нұрайым Жұмабек.

Акция аясында экологиялық ағарту және түсіндіру жұмыстарына да ерекше мән берілді. «Жас Сарбаз» қозғалысының сарбаздары, белсенді жастар, еріктілер мен жергілікті тұрғындар тазалық жұмыстарына белсене қатысып, қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы жөнінде үндеулер жасады.

«Киелі мекен» жобасы алдағы уақытта да жалғасын табады. Оның негізгі мақсаты – тарихи-мәдени мұраны сақтау, киелі жерлерді қорғау, табиғи байлықтарды келер ұрпаққа аман жеткізу және қоғамда тазалық пен тәртіп мәдениетін орнықтыру. Бұл бастама ел көлемінде кең қолдау тауып, түрлі өңірлерде жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Қарағанды өңірінде өткен «Киелі мекен» акциясы қоғамның табиғат пен тарихқа деген жанашыр көзқарасын нығайтып, экологиялық мәдениетті дамыту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды.

Суреттерді түсірген автор

• ТАСТУЛЕК

Сарбаздар ұстаханасы

Отан қорғаушы болу ықпалына бағытталған, әскери киім киюмен шектелмесе керек. Отанды қорғау – ең алдымен, рухтың өлшемі. Шын мәнінде, ерлік таңғы саптағы мінсіз түзелуден, командир бұйрығына деген болағатты беріктіктен және саусағың суық қаруға тиген сәттегі зілдей жауапкершіліктен бастау алады. Отан қорғаушылар күні қарсаңында біз халық қаһарманы Мартбек Мамыраев атындағы әскери-техникалық мектептің тыныс-тіршілігіне үңілдік. Мұндағы темірдей тәртіп пен қайнаған еңбекті көріп, жас буынның бойына әлгі қасиетті серттің қалай сіңіп жатқанына куә болдық.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Тарихы терең, дәстүрі берік

Әскери-техникалық мектептің жылынамына үңілсек, тамыры тереңде. Бұл мектептің бастауында өткен ғасырдың айбынды құрылымы – ДОСААФ (Армияға, авиацияға және флотқа жәрдемдестің ерікті қоғам) жатыр. Совет дәуірінде бұл жүйе әскер табалдырығын аттайтын бозбалаларды техниканың тілін білетін, майданның қыр-сырын ұғатын шыңдалған маман етіп шығаратын негізгі мектеп-тің. Осы техникалық мектепте сол кезеңде Әскер мен Әскери-теңіз флотының кадрлық қорын толықтырып, өңірдегі қорғаныс әлеуетінің құрметіне айналды.

Уақыт керуені көшіп, ел Тәуелсіздігінің ақ таңы атқанда, бұл шаңырақ жаңа мазмұнға ие болды. Төрткүл дүние түгел таныған егемендігіміздің алғашқы жылдарында-ақ ел қорғанысын нығайту басты орынға шықты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы №718 Қаулысы мен Қорғаныс министрінің №160 бұйрығы негізінде мектеп жаңа форматта қайта түледі.

Мектептің атауында да тарихи әділдік пен ұрпақ сабақтастығы менмұндағандай. 1982 жылдың қарашасында КСРО Қорғаныс министрінің арнайы бұйрығымен бұл оқу орнына жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраевтың есімі берілді.

Оқыту жүйесі

Әскери-техникалық мектептің негізгі міндеті – азаматтарды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және қайта даярлау. Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шеңберінде әскери бағытқа бағдарланған резерв қалыптастыру. Жалпақ тілмен айтқанда, мұнда келген жас азамат белгілі бір уақыт аралығында нақты әскери дағдыны меңгеріп, тәртіпке бейімделіп, әскер өмірінің алғашқы талабын сезініп шығады.

Мұнда оқыту бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Жасы 24-ке толған, орта немесе жоғары білімі бар азаматтар әскери оқытылған резерв бағдарламасы бойынша 40 күндік даярлықтан өтеді. Ал, мектеп бітіріп, 18 жасқа толған бозбалалар әскери-техникалық мамандықтар бойынша үш ай оқиды. Олар оқу соңында белгіленген әскери мамандықпен қатар, көлік жүргізу санаттарын да меңгереді.

Жыл сайын орта есеппен 510-ға жуық курсант қабылданады. Оқу жылына екі лекпен жүргізілсе, әр лек үш ай бойы әскери-техникалық даярлықтан өтеді. 24 жастан бастап әскери оқытылған резерв бағдарламасына келетін азаматтар негізінен Қарағанды, Ұлытау облыстары мен Астана қаласынан жиналса, 18 жастан бастап әскери-техникалық мамандықтар бойынша оқитын жастар Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Ұлытау облыстарынан келеді.

Оқытылатын мамандықтардың аясы да кең. Курсанттар атқыш, мерген, гранатаатқыш, атқыш-санитар, Калашников қол оқшаушысы, түрлі гранатаатқыш есептобының нөмірі сияқты әскери-техникалық бағыттарда даярланады. Сонымен бірге, көлік



Оқыту бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Жасы 24-ке толған, орта немесе жоғары білімі бар азаматтар әскери оқытылған резерв бағдарламасы бойынша 40 күндік даярлықтан өтеді. Ал, мектеп бітіріп, 18 жасқа толған бозбалалар әскери-техникалық мамандықтар бойынша үш ай оқиды. Олар оқу соңында белгіленген әскери мамандықпен қатар, көлік жүргізу санаттарын да меңгереді.

жүргізуге машықтанып, әскери техникамен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын меңгереді. Яғни, оқу процесі тек теорияға құрылмайды. Әр сабақтың ар жағында нақты қолданылатын тәжірибе, нақты жауапкершілік бар.

– Бізде тәрбие мен оқу бір-бірінен бөлек емес. Курсант күн тәртібіне бағынады, сапқа тұрады, тапсырма орындайды, ұжыммен бірге өмір сүреді. Үш ай бойы сол ортада жатып оқиды. Әскери тәртіп ең алдымен, ұқыптылықтан, уақытқа жауапкершіліктен қарудан, өзіне жүктелген міндетті сонына дейін орындаудан басталады. Курсанттар осы жерде сезінеді. Ресми міндет маман даярлау болғанымен, оның шынайы мұраты бұдан әлдеқайда тереңде. Болашақ сарбаздың алғашқы кәсіби машығымен қоса, азаматтық ұстанымын да шама-шарқымыз жеткенше қалыптастырамыз. Әскерге барғанды қоса, оқу орнында қалай ұстауды, бұйрықты қалай орындауды, техникамен қалай жұмыс істеуді, Отан алдындағы жауапкершіліктің салмағын да түсініп барады, – деді подполковник, директордың әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі орынбасары Қанат Омарбаев.

Қанат Тиыштықұлының айтуынша, мектепке келген жастардың бәрі бірдей кейін әскери саланы таңдайды деп айту қиын. Дегенмен, әр толқынның ішінен осы бағытқа шындап бет бұратын, болашағын әскери қызметпен немесе құқық қорғау саласымен байланыстырғысы келетін жастар табылады. Бірі ішкі істер саласына қызықса, енді бірі прокуратура, басқа да мемлекеттік қызмет бағыттарына баруды мақсат етеді. Ең бастысы, мұнда олар әскери тәртіптің алғашқы мектебінен өтіп, азаматтық жауапкершіліктің мәнін түсіне бастайды.

– Оқыту бағдарламасында түрлі әскери-патриоттық іс-шаралар қарастырылған. Мәселен, былтыр Баян батыр туралы танымдық іс-шара ұйымдастырылып, жастарға ел тарихындағы ерлік дәстүрі кеңінен дәріптелді. Сондай-ақ, республика аумағындағы әскери-техникалық мектептер арасында «Бөгенбай батыр» жырын оқудан байқау өтіп, біздің курсанттар жүлделі үшінші орынға ие болды. Мұндай шаралар жас буынның тарихи санасын оятып, әрі батырлар болмысындағы қайсарлық, елдік, сертке беріктік секілді қасиеттерді үлгі етуге жол ашады, – деді Қанат Тиыштықұлы.

Мектеп есімін иеленген Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраевтың тұлғасын танытуға да айрықша көңіл бөлінуде. Таяуда «Qazmet» акционерлік қоғамымен бірлесіп отырып, батырдың туған ауылы Ақжолға дейін жүгіру марафоны ұйымдастырылды. Эстафетаға Мартбек Мамыраев атындағы мектеп-интернат оқушысы, әскери-техникалық мектептің курсанттары және кәсіби марафоншылар қатысып, спорттық іс-шара батыр ауылындағы ескерткіш жанында түйінделді. Патриоттық тәрбие тұғрылы тұлғалар арқылы да сіңіріледі. Биылғы мерейтой несі Токтар Әубәкіровтің 80 жылдығы қарсаңында ауқымды кездесу өткізу жоспарланған.

Заман талабы – зерделі сарбаз

Әскери-техникалық мектептің шынайы келбеті ең алдымен, мұнда білім алып жүрген курсанттардың болмысынан көрінеді. Әрқайсысының келген жолы, таңдаған мамандығы, өмірлік жоспары әрқилы. Бірі мектеп қабырғасынан кейін бірден әскери дайындыққа келсе, енді бірі жоғары оқу орнын тәмамдап, азаматтық салада еңбек етіп жүріп осы ортаға қадам басады.

Сонындай білімді де білікті жастардың бірі – I взвод курсанты Дастан Қазтаев. Жасы 24-ге. Қарағандының тумасы. Дастан – бүгінгі күннің интеллектуал сарбазы. Алматыдағы іргелі оқу орнын тәмамдаған ол – мамандығы бойынша мұнай барлаушы. Бүгінде Сейсмология институтында еңбек етіп, еліміздің ғылымына үлес қосып жүрген маман. Азаматтық өмірде өз кәсібін тауып, биік белестерді бағындыра бастаған жастық әскери мектепке келуі – кездейсоқтық емес.


– Ертенгі күні ел басына күн тұса, әскери дайындықтың әрбір азамат аздай қажет болары анық. Сондықтан, уақытты тиімді пайдала-

Жыл сайын орта есеппен 510-ға жуық курсант қабылданады. Оқу жылына екі лекпен жүргізіледі, әр лек үш ай бойы әскери-техникалық даярлықтан өтеді. 24 жастан бастап әскери оқытылған резерв бағдарламасына келетін азаматтар негізінен Қарағанды, Ұлытау облыстары мен Астана қаласынан жиналса, 18 жастан бастап әскери-техникалық мамандықтар бойынша оқитын жастар Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Ұлытау облыстарынан келеді.

нып, осы күннен өтуді жөн көрдім. Қазір гранатаатқыш мамандығын егжей-тегжейлі меңгеріп жатырмын. Негізі өзім шығармашылыққа жақын адаммын. Университетте де қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретінмін. Сондықтан, әскери-техникалық мектептегі де мәдени іс-шараларға белсене араласып, әскери ортаға тез сіңісіп кеттім, – дейді ол.

Бүгінде ел аумағында қорғаныс әлеуетін нығайту бағытында 13 әскери-техникалық мектеп талмай еңбек етіп келеді. Соның ішінде өңірлік филиал – оқу үлгерімі мен жауынгерлік дайындық бойынша алдыңғы шептен шегінген емес. Мектеп тарихы ел мақтаныштарының қолтаңбасы қалған киелі шежіре ме дерсін. Кәсіби ұшқыш, армия генералы, Халық Қаһарманы Мұхтар Алтынбаев, қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Токтар Әубәкіров секілді біртуар тұлғалар мен парашют спортының шебері Виктор Журавлев те осы оқу орнынан түлеп ұшқан.

Уақыт керуені алға жылжыған сайын әскери салаға қойылатын



талап та күрделене түспек. Қазіргі заман Қарулы Күштеріне тек білек күшіне сенген сарбаз емес, техниканы жетік меңгерген, сындарлы сәтте шешім қабылдай алатын, зерделі де зерек маман қажет. Мартбек Мамыраев атындағы әскери-техникалық мектеп дәл осы талап үдесінен шығып, әскери-патриоттық

тәрбиенің жаңа мазмұнын қалыптастырып отыр. Отанды қорғау – тек шекарада қырағы тұру емес, ол – ел тарихын қастерлеу, тәртіпке бағыну және қажет сәтте туған жеріңе қорған болуға сақалай сай тұру.

Суреттер әскери-техникалық мектеп ұжымынан

• ЖАС САРБАЗ

Ұшқыннан жалын лаулатқан

Қоғамда өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие. Әсіресе, елдің болашағы саналатын жастардың бойында патриоттық рухты қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі. Осы тұрғыда кадет сыныптарының рөлі айрықша.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кадет сыныптарының негізгі мақсаты – жасөспірімдердің бойында әскери-патриоттық дүниетанымды, азаматтық жауапкершілікті және Отанға қызмет етуге деген саналы көзқарасты қалыптастыру.

Бүгінде кадет сыныптары Қарағанды өңірінде жүйелі түрде дамып келеді. Негізгі бөлігі облыс орталығында шоғырланғанымен, Теміртау мен Балқаш қалаларында да бұл бағыт белсенді. Қазіргі таңда өңірде шамамен 20 кадет сыныбы жұмыс істейді. Ал оларда 1200-ге жуық оқушы білім алуа. Бұл көрсеткіш жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиеге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын аңғартады.

Кадет сыныптары білім берумен бірге кәсіби бағдар берудің тиімді алаңы болып табылады. Мұнда білім алған түлектер болашақ мамандығын саналы түрде таңдап, әскери және күштік құрылымдарға бағыт алады. Атап айтқанда, олар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті және басқа да құрылымдарда қызмет етуге ұмтылады. Оқушылардың бойында тәртіп пен жауапкершілік арнайы әскери-қолданбалы пәндер арқылы қалыптасады. Саптық дайындық, атыс дайындығының элементтері, дене шынықтыру, әскери жарғыларды меңгеру – мұның барлығы кадеттердің тұлғалық дамуына ықпал етеді. Түрлі командалық жарыстар мен іс-шаралар олардың ұжымдық жауапкершілігін арттырады.

– «Жас сарбаз» сыныптары – бұл тек әскери дайындық емес, ең алдымен, тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыратын орта. Оқушылар 5-сыныптан бастап іріктеуден өтіп, алғашқы күннен-ақ әскери тәртіпке бейімделеді. Саптық дайындық, әскери қызмет негіздері, дене дайындығы арқылы олар тек білім алып қана қоймай, өз-өзін бақылауды, уақытты тиімді жоспарлауды және ұжыммен жұмыс істеуді үйренеді. Сабақ барысында біз патриотизмді тек теориямен шектеспей, тарихи деректер мен батыр тұлғалардың үлгісі арқылы түсіндіреміз. Ұлттық тәрбиеге ерекше мән беріледі. Оқушылар таңғы уақыттан кешкі мезгілге дейін жүйелі тәртіппен білім алып, қосымша дайындықтардан өтеді. «Жас сарбаз» сыныптарының оқушылары тәртіптілігімен, жауапкершілігімен және белсенділігімен ерекшеленіп, қоғамдық өмірге ерте араласады. Олар түрлі әскери-патриоттық сайыстарда өз қабілеттерін көрсетіп, болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауға бағыт алады. Жалпы, бұл сыныптар – елжанды, жігерлі әрі мақсатшыл жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді алаңы, – деді Н.Әбдіров атындағы ЖББМ «Жас сарбаз» сыныптарының тәрбиешісі запастағы подполковник Бекзат Аукешев.

Патриотизм ұғымы да бұл жүйеде теория жүзінде ғана емес, тәжірибе арқылы қалыптасады. «Жас сарбаз» қозғалысының аясында өткізілетін іс-шаралар, тәлімгерлердің жеке үлгісі және жүйелі тәрбиелік жұмыстар арқылы оқушылардың бойында Отанға деген құрмет пен жауапкершілік сезімі қалыптасады. Ерікті қасиеттерді дамыту мақсатында кадеттер түрлі деңгейдегі жарыстар мен жиындарға қатысады. Олардың қатарында «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиыны, «Қалқан» қысқы жиыны, әскери-патриоттық фестивальдар мен ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар бар. Мұндай іс-шаралар жасөспірімдердің шыдамдылығын арттырып, көшбасшылық қасиеттерін дамытады.



• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

1992 жылғы 7 мамырда Қазақстанның өз Қарулы Күштері құрылды.

2026 жылы Қазақстан армиясының құрылғанына – 34 жыл.

Қазақстан армиясында бірнеше әскери бағыт бар: Құрлық әскерлері Әуе қорғанысы күштері Әскери-теңіз күштері Арнайы операция күштері.

Біріккен ұлттар ұйымының бітімгерлік миссияларына 800-ге жуық қазақстандық жауынгер қатысқан.

1 наурыздан бастап, аймақтарда шақыру комиссиялары өз жұмысын бастап кетті. Жергілікті атқарушы органдардың үйлестіруімен жүргізіліп жатқан бұл нақанның ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі екенін айту керек. Жарлықта нақты көрсетілгендей, кейінге қалдыруға немесе босатуға негіз жоқ 18 бен 27 жас аралығындағы азаматтар Қарулы Күштер, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Мемлекеттік қүзет қызметі қатарында әскери борышын өтейді.

Облыста биыл көктемде 1 140 азамат әскер қатарына шақырылмақ. Оның ішінде, 670 азамат Қорғаныс министрлігіне, 350 азамат Ұлттық ұланға, 90 адам шекара қызметіне, 20 азамат Төтенше жағдайлар министрлігіне, ал, 10 адам Мемлекеттік қүзет қызметіне жолданады.

Қазір әскерге шақыру процесі цифрландырылып жатыр. Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, шақырту қағаздары азаматтарға SMS-хабарлама және eGov порталы арқылы кемінде үш күн бұрын жіберіледі. Мұндай хабарламаның ресми мәртебесі бар.

Қазақстан Қарулы Күштерінің жарғыларына сәйкес, әскери ант қабылдағанға дейін әскери қызметші жауынгерлік міндеттерді орындауға, жауынгерлік кезекшілікке, жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуға тартылмайды. Бұл дерек анттың әскери қызметтегі құқықтық және моральдық салмағын көрсетеді.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарға банктік қарыз және микрокредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тетігі бар. Кейінге қалдыру кезеңінде айыппұл мен өсімпұл есептеуге, сондай-ақ, өндіріп алу шараларын қолдануға тыйым салынады.

Қорғаныс министрлігі мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беретін жобаларды іске асырып келеді. Министрлік дерегіне, жыл сайын 35 мыңнан астам қазақстандық мерзімді әскери қызметке шақырылады, ал, бұл бастамалар олардың кәсіби мансабын бастауына негіз бола алады.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Абай БЕКЕЖАН:

Әскердің негізгі күші – техника мен сарбаздар

Аумалы-төкпелі заманда қауіп тек жерден немесе теңізден ғана төнбейді. Кейде көзге көрінбейтін көк жүзінен де жетеді. Әсіресе, бүгінгідей технология қарыштап дамыған дәуірде аспан кеңістігі стратегиялық алаңға айналды. Қуаты жойқын, дәлдігі жоғары заманауи қарулар адамзат алдында жаңа сын-қатерлерді алға тартуда. Осындай алмағайып кезеңде ел тыныштығын күзететін әуе қорғанысы жүйелерінің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Қарағанды облысында осы жауапты міндетті арқалаған екі бірдей дивизион бар. Соның ІІ дивизионында Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып жүрген бүгінгі кейіпкеріміз – бөлімше командирі, аға техник, сержант Абай Беккежан. Отан қорғаушылар күніне орай біз оның қызмет жолы мен әскери қызметінің қыр-сыры жайында сұхбат құрған едік...

– Абай Елжасұлы, сөз басын өзіңізден бастасак. Бұл салаға қалай келдіңіз?

– Мен Нұра ауданына қарасты Балықтыкөл ауылында дүниеге келдім. Оқуымды аяқтағаннан кейін Семей қаласындағы «Ұлттық ұлан» қатарында (сол кездегі ресми атауы – Ішкі әскер) әскери борышымды өтедім. 2014 жылы әскерден оралған соң түрлі салаларда еңбек етіп, құжаттарымды жинақтай бастадым. Бала кезімнен әскери қызметкер болуды армандайтынмын. 2015 жылы сол арманым жүзеге асып, мені Саранға қызметке жіберді. Дәл осы сәттен бастап, менің әскери өмірімнің жаңа кезеңі басталды. 2020 жылы Саран қаласынан Ақтас кентіндегі №44803 әскери бөлімге ауыстырылдым. Содан бері осы бөлімде қызмет атқарып келемін.

– Өз саланыз, атқаратын қызметіңіз жайында толығырақ айтсеңіз...

– Әуе қорғанысы – әуе шабуылын дер кезінде анықтап, оның бетін қайтаруға бағытталған кешенді жүйе. Ал, әуе шабуылы – қарсы тараптың әскери және стратегиялық маңызды нысандарына әуеден соққы беру мақсатында жүзеге асырылатын әрекет. Қазіргі таңда мұндай шабуылдар ұшақтармен ғана емес, зымбарандар, ұшқышыз ұшу аппараттары арқылы да жасалады. Қарағанды облысында әуе қорғанысына жауап беретін екі дивизион бар десек, соның еке-

уінде де әуе шабуылына қарсы қолданылатын «МАЗ-543С» және «МАЗ-543Д» техникасы бар. ІІ дивизион құрамындағы №44803 әскери бөлімнің командирі ретінде, осы қос техника – менің жауапкершілігімде. Яғни, олардың күнделікті күтімі мен техникалық жарамдылығын қамтамасыз ету менің тікелей міндетім. Әрбір агрегаттың майы мен суы дер кезінде тексеріліп, барлық жүйесі үнемі бақылауда болуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, техника кез келген уақытта іске қосылып, жауынгерлік тапсырманы орындауға дайын тұруы қажет. Аталған техникалардың пайдалану мерзімі біршама ескіргендіктен, оларға ерекше күтім қажет. Қарапайым тілмен айтқанда, әркім өз көлігіне қалай күтім жасаса, әскери техникаға да дәл сондай жанаушылықпен қарау керек.

Жалпы, әскердің негізгі күші – техника мен сарбаздар. Менің қарамағымда бірнеше жауынгер бар. Соларға осы техниканың қыр-сырын менгерту, дұрыс пайдалануды үйрету де – менің міндеттерімнің бірі.

– Секундтың өзі шешуші рөл атқаратын жағдайлар болады. Сондай сәттер есіңізде ме?

– Әрине, мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Біз жыл сайын әскери техникаларды полигонға шығарып, дайындығын жіті тексеріп отырамыз. Сондай оқу-жаттығулардың бірінде күтпеген жерден техника істен шығып қалды. Соған қарамастан, жеке құрам

шұғыл әрекет етіп, ақауды дала жағдайында жедел жоюға кірістік. Кеш батқанша дамыл таппай, техниканы қайта іске қостық. Осындай сәттерде әр секундтың қадірін терең түсінесің. Өйткені, нақты жағдайда уақыт жоғалту тапсырманың орындалуына, бастысы қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін. Сондықтан, біз үшін жеделдік, ұйымшылдық және кәсіби дайындық әрдайым бірінші орында.

– Қазіргі заманғы әуе қорғанысы қаншалықты өзгерді?

– Әуе шабуылы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұл сала қарқынды дамуда. Әсіресе, мобилділік тұрғысынан жаңа деңгейге көтерілді. Бұрынғыдай бір орында тұрақтап, позициядан соққы беру тәсілі біртіндеп ескіріп келеді. Қазіргі әскери тактикада керісінше. Жылдам орын ауыстырып, қозғалыс үстінде әрекет ету басым. Бұл қарсыластың соққысынан жалтарып, шабуылдың дәлдігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Қазіргі жастарға әскери қызмет туралы қандай кеңес берер едіңіз?

– Бүгінде жастардың арасында әскерге баруға құлшынысы төмен жандар бар. Десе де, әскери техниканың, жалпы, әскери салаға қызығушылық танытатындар көп екен. Көпшілігі әскери техникалардың қалай жұмыс істейтінін күзбен көріп, қолмен ұстап, нақты тәжірибесі келеді. Әскер қатарында жүргендер де мұнда келмей тұрып техникаға қызығушылықтарының



болғанын айтады. Сондықтан, менің кеңесім – әскери қызметтен қашпау қажет. Керісінше, оны жақыннан танып көруге ұмтылған жөн. Әскерге келіп, тәртіпті, техниканы, қызметтің шынайы қырын өз көзімен көрген адам ғана оның мәнін толық түсінеді. Көбісі әскерді тәжірибе алаңы ретінде қабылдайды. Негізі, әскер – адамды шыңдайтын өмір мектебі.

– Сіз үшін Отанды қорғау деген ұғым нені білдіреді?

– Отанды қорғау – ең алдымен ер-азаматтың басты міндеті. Туған жерің мен еліңнің тыныштығы, қауіпсіздігі үшін терең жауапкершілік сезіну деген сөз. Әскери қызметте адам тек өзі

үшін емес, отбасы, халқы және болашақ ұрпақтың бейбіт өмірі үшін еңбек етеді. Ал, өз басым ер-азамат ретінде бұл ұғымды жай ғана міндет деп емес, жүректен қабылданған серт деп білемін. Өйткені, бейбіт өмірдің шынайы бағасы – оны қорғап тұрған жандардың табандылығы мен адалдығында...

– Уақыт бөліп, әңгімелескеніңіз үшін алғысымды білдіремін!

Сұхбаттасқан
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ҚАЛҚАН

Отанның да, отбасының да тірегі

Отан қорғаушылар күні – ерлік пен елдік рухты асқақтататын айрықша мереке. Бұл күн – әскери киім киген әр азаматтың маңдай тері мен адал қызметіне көрсетілген құрмет. Әсіресе, ел тыныштығын күзетіп жүрген офицерлердің еңбегі ерекше. Олардың әр күні тәртіпке, жауапкершілікке және Отанға деген шексіз сүйіспеншілікке толы. Осындай абыройлы жолды таңдаған жандардың бірі – подполковник Мақсат Мұқаев.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Офицердің өмірі сырт көзге қатал тәртіп пен нақты бұйрықтардан тұратындай көрінуі мүмкін. Алайда, оның әр жағында үлкен жүрек, елге деген адалдық және адам тағдырына деген жауапкершілік жатыр. Бұл – тек мамандық емес, бұл – өмірлік ұстаным.

Мақсат Бекжанұлы – Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласының тумасы. Бала күнінен әскери адам болуды армандаған ол өз мақсатына нық қадаммен жетті. 2007 жылы Петропавл қаласындағы Ішкі әскер әскери институтына оқуға түсіп, 2011 жылы оны үздік, «Алтын белгімен» тәмамдады. Бұл – тек білімнің ғана емес, тәртіп пен табандылықтың нәтижесі еді.

Жас офицер еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысындағы 5511 әскери бөлімінде бастайды. Алғашқы күннен-ақ ол өзін талапшыл, жауапкершілігі жоғары маман ретінде көрсете білген. Кейін Астана қаласындағы 6636 әскери бөлімінде тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар бөлімшесінің бастығы болып тағайындалады.

Бүгінде ол Қарағанды қаласындағы 6505 әскери бөлімінде бригада командирінің тәрбие және құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда. Мынаған астам сарбаз бен келісімшарт бойынша қызмет ететін жүздеген әскери қызметшілердің тәртібі мен рухани жағдайы – оның тікелей жауапкершілігінде.

Офицердің бір күні таңғы 6:00-де басталады. Бұл – тек әдет емес, бұл – өмір салты. Таңғы жүгіру, дене жаттығулары күннің сергек басталуына жол ашады. Ал, одан кейін бірден тәртіпке негізделген қызмет басталады.

Әскери бөлімдегі күн тәртібі қатан жоспарланған. Ең алдымен рота командирлерінің орынбасарларынан өткен тәуліктегі жұмыстар туралы баянат қабылданады. Әрбір деталь назардан тыс қалмайды. Себебі, әскерде «қсақ-түйек шаруа» деген ұғым жоқ.

Келесі кезең – жоғары басшылыққа есеп беру. Бұл – тек формалды рәсім емес, сенім мен жауапкершіліктің көрінісі. Одан кейін қызметтік жиналыс өтіп, күннің негізгі

тапсырмалары нақтыланады. Осылайша қызу жұмысқа толы офицердің күні басталып кетеді. Дегенмен, әскери өмір әрдайым жоспар бойынша өте бермейді. Күтпеген жағдайлар да жиі кездеседі. Мысалы, 2022 жылы түн ортасында түскен дабыл – соның бір дәлелі. Қостанай облысында орман өрні тұтанып, әскери бөлім шұғыл түрде көмекке аттанады. Түнгі 12:00-де басталған бұл сапар – офицерлердің кез келген тосын оқиғаға әрдайым дайын болатынын көрсетеді. Офицердің қызметі қатан тәртіпке негізделген. Бұл туралы Мемлекет басшысы «Әскерде темірдей тәртіп болуы тиіс» екенін атап өткен. Мақсат Бекжанұлы осы қағиданы берік ұстанады.

Сонымен қатар, әскери өмір тек қаталдықтан тұрмайды. Күнделікті қызмет барысында эйіл-қалжың да орын алады. Әртүрлі өңірден жиналған сарбаздардың арасында қызықты сәттер жиі кездеседі. Демалыс күндері мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Көңілді тапқырлар ойындары, театрға бару – сарбаздардың рухын көтерудің бір жолы. Бұл тәрбие жұмысының да маңызды бөлігі.

Офицер үшін ең басты міндет – сарбаздарды тек әскери тұрғыда ғана емес, адамгершілік тұрғысынан да тәрбиелеу. Оларды нағыз патриот етіп қалыптастыру – басты мақсат.

Алайда, мұндай жауапкершілік үлкен құрбандықты талап етеді. Офицердің жеке өмірі көбіне қызметтің көлеңкесінде қалып жатады. Мақсат Бекжанұлының айтуынша, 20 жылдық әскери қызметінде той-томалқа қатысуға мүмкіндік болмаған.

Оның бір күнінің 13 сағаты қызметте өтеді. Таңғы 7:00-де жұмысқа кетіп, кешкі 20:00-де үйге оралады. Қалған аз уақытты отбасына арнайды.

Үш баланың әкесі екі үл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Әке ретінде олардың болашағына бейжай қарамайды. Егер ұлдары әскери жолды таңдаса, қарсы емес. Бірақ ең бастысы – таңдау өздерінде.

– Отбасы – офицер үшін ең үлкен тірек. Әсіресе, жұбайының қолдауы ерекше. Офицердің жары болуы оңай емес. Соған қарамастан, жұбайым жұмыс істеп, әрі балаларды тәрбиелеп үлгеріп отыр. Бұл – көзге



көрінбейтін үлкен еңбек.

Отбасылық дәстүр де бар. Аптасына бір рет үйде бірігіп кино көру, табиғатқа шығып, балық аулау – біздің шағын бақытымыз, – дейді подполковник.

Мақсат Бекжанұлы қабылданған әскери реформаларға да өзіндік көзқарасын жиі білдіріп тұрады. Оның айтуынша, соңғы жылдары әскерде өзгерістер бар. Техника жаңарып, әлеуметтік жағдай жақсарып келеді. Алайда, шешімін күтетін мәселелер де жоқ емес. Әсіресе, идеологиялық жұмыстың әлсіздігі алаңдатады.

– Сарбаздар арасындағы тәрбие жұмысының ролін күшейту қажет. Сондай-ақ, әскери қызметшілердің жалақы мәселесі де өзекті. Төмен жалақы – кадрлардың қызметтен кетуіне себеп болып отыр. Соңғы үш жылда 18 мыңға жуық әскери қызметші қызметтен кеткен. Бұл тек статистика емес, нақты мәселеге айналды.

Офицер – тек бұйрық беруші емес, ол – тәрбиеші, психолог, көшбасшы. Оның әрбір шешімі – жүздеген адамның тағдырына әсер етеді. Сондықтан офицер болу – үлкен жауапкершілік. Бұл жолды тек жүрегі мықты, рухы берік жандар ғана таңдай алады, – дейді ол.

Мақсат Бекжанұлының өмірі – жас сарбаздарға үлгі. Отан қорғаушылар күні – осындай азаматтарға алғыс айтатын күн. Олардың еңбегі – ел тыныштығының кепілі болса, өмірі – ерліктің шынайы бейнесі.

Сурет «Ortalyq»
өңірлік қолбасшылығы
6505 әскери бөлімінен

• ОНЛАЙН-РЕСУРС

Қаһармандарды ұлықтайтын онлайн жоба

Мәдениет және ақпарат министрлігінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Батырларға тағзым» ұлттық онлайн жобасы табысты жалғасуда. Жобаның басты мақсаты – Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігін ұмытпай, жеңіске үлес қосқан қазақстандықтар туралы бірыңғай цифрлық деректер базасын қалыптастыру.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Онлайн жоба бүгінде бірқатар маңызды міндетті жүйелі түрде қамтып отыр. Атап айтқанда, майдангерлер туралы деректерді сақтау мен толықтыру, отбасылық архивтерді цифрлық форматқа көшіру – бастаманың негізгі бағыттары саналады. Әрі әр жерде шашырап жатқан ақпаратты бір арнаға тоғыстырып, тарихи мұраны кеңінен насихаттауды көздейді.

Жобаның негізгі миссиясы – тарихи жадыны сақтап, оны келер ұрпаққа аманат ету. Бүгінде batyrlarga-tagzym.kz платформасында соғысқа қатысқан мыңдаған қазақстандықтар деректері жинақталған. Мұнда Кеңес Одағының Батыры атанған тұлғалар, орден-медаль иегерлері туралы мәліметтер, өмірбаяндық деректер, фотосуреттер мен архивтік құжаттар кеңінен ұсынылған. Деректер қоры үнемі жаңартылып, жаңа мәліметтермен толықтырылып отырады.

«Батырларға тағзым» порталы бүгінде әрбір қазақстандыққа жобаға белсенді түрде үлес қосуға мүмкіндік ұсынып отыр. Пайдаланушылар өз туыстары жөніндегі мәліметтерді енгізіп, фотосуреттер мен құжаттарды жүктей алады. Сонымен қатар, өмірбаяндық деректерді толықтырып, нақты тұлғалар туралы ақпарат іздеу, сондай-ақ, жаңалықтар мен іс-шаралар барысын қадағалау мүмкіндігі де қарастырылған. Сіз де өз мәліметіңізді batyrlarga-tagzym.kz сайтына жүктей аласыз.

• ПАРЫЗ

Бітімгер сарбаздың бір күні

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары адамзат тарихындағы ең бір күрделі кезеңдердің бірі ретінде есте қалды. Кеңес Одағы ыдырап, жаңа тәуелсіз мемлекеттер қалыптасқан тұста бұрынғы одақтас республикалардың бірқатарында әлеуметтік шиеленістер мен экономикалық дағдарыстар орын алды. Әсіресе, Ауғанстанмен шекаралас жатқан Тәжікстан Республикасында жағдай күрт ушығып, 1992 жылы азаматтық соғыс бұрқ ете түсті. Бұл қақтығыс 50 мыңға жуық адамның өмірін жалмап, өңірдегі тұрақтылыққа зор қауіп төндірді. Қару-жарақ пен есірткі тасымалы күшейіп, жағдай бүкіл Орталық Азия елдеріне әсер етуі мүмкін еді. Осындай күрделі шақта Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан елдері бірлесіп, бітімгерлік күштер құрып, Тәжік-Ауған шекарасын қорғауға шешім қабылдады. Осы қауіпті міндетке Қазақстаннан да әскери бөлімдер жіберілді. Солардың қатарында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының, Жаңаөтан ауылының тумасы Шорман Абзалов та болды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1975 жылы дүниеге келген Шорман Бақытұлы 1993 жылдың 25 қарашасында Шымкент қаласындағы 5485 әскери бөліміне мерзімді әскери қызметке шақырылды. Әскери тәртіпке тез бейімделіп, жауапкершілігімен көзге түскен жас сарбаз кейін Тәжік-Ауған шекарасындағы қауіпті аймақтарға жіберілді. 1995 жылы Шымкенттен шамамен 100 әскери қызметкер Тәжікстанға аттанды. Олар алдымен Душанбе қаласына жетіп, кейін Калайхум арқылы Пяндж өзені бойындағы Пшихарв шатқалына орналастырылды. Бұл аймақ

стратегиялық маңызы жоғары, бірақ өте қауіпті өткел болатын.

1995 жылдың көктемінде Шорман Абзалов 7-ші рота, 3-ші взвод құрамында қызмет атқарып жүрген еді. Ол кезде небәрі 19 жаста болатын. Әскерден қайтуына бірнеше ай қалғанына қарамастан, ол өз еркімен осы миссияға қатысуға шешім қабылдады. 1995 жылдың 7 сәуірі қазақстандық жауынгерлер үшін ең ауыр күндердің бірі болды. Колонна Пшихарв шатқалына кірген сәтте күтпеген жерден гранатомет пен автоматтық қарудан жаппай шабуыл басталды. Тау арасындағы тар өткелде колоннаның басы мен соңы бір мезетте атқаланып, сарбаздар қор-



шауда қалды. Өуеден қолдау болмағандықтан, жағдай одан әрі күрделене түсті. Ұрыс шамамен бес сағатқа созылды. Жау биік нүктелерді пайдаланып, төмендегі колоннаға үздіксіз оқ жаудырды. Осы қанды шайқаста Шорман Абзалов ауыр жарақат алады. Оқ оның сол аяғын тесіп өтеді. Ол жарасын өзі танып, қан тоқтауға тырысты.

Осы сәттерде оның көз алдында өте

ауыр көріністер орын алды. Радик Қаймұдиев пен Ербол Бекебаев ауыр жараланған күйде жанында жатты. Өзі жарала болса да, қаруластарын аман алып қалуға қанша күш салынғанымен, екеуі де Шорманның көз алдында қансырап қаза тапты. Сол кезде Ербол деген азамат Шорманды ұрыс даласынан сүйреп шығарып, өмірін сақтап қалған еді. Кейіпкеріміздің айтуынша, Қарағанды облысынан бұл әскери сапқа барлығы төрт азамат қатысқан. Солардың қатарында Шорман Абзаловпен бірге жауынгерлер Еркебулан Мақажанов, Нұрлан Балтабаев және Бірлік Домбаев та болған. Қанды шайқас кезінде жаңаарқалық Еркебулан Мақажанов ерлікпен қаза тапқан.

Оқ жаңбырдай жауды. Жерге жабысып жатты. Қозғалу мүмкін емес. Тік-ұшақпен қолдау болуы керек еді, бірақ ауа райы мүмкіндік бермеді. Сол сәтте әркім өз өмірі үшін күресті. Оқ аяғымыз тесіп өтті. Қатты ауырсындым. Ең алдымен қан тоқтауға тырыстым. Ол кезде ойлайтын нәрсе біреу ғана – тірі қалу екен. Көз алдымнан қаза болған азаматтардың бейнесі кетпейді, – дейді Шорман Бақытұлы.

Ұрыс тек кешке қарай аяқталады. Кешкі сағат 20.00-де Калайхумнан келген қосымша күштер көмек қолын созады. Бұл қақтығыста 17 жауынгер қаза тауып, 33 сарбаз жараланды. Оқиға тәуелсіз Қазақстан әскери тарихындағы ең ауыр шайқастардың бірі ретінде қалды. Жараланған сарбаздар алдымен Калайхумға, кейін Душанбе қаласындағы госпитальға жеткізілді. Сол жерде Шорман Абзаловқа күрделі операция жасалды.

Осы кезеңде Шорманның ерлігі жоғары бағаланды. Кейін ол марапатты Қазақстан Президентінің қолынан алды. Мерекелік медальдарды кеудесіне жарқырата тақты. Сонымен қатар, Тәжікстан тарапынан да марапат ұсынылған кезде ерекше бір оқиға орын алды. Шорман марапаттау рәсімі кезінде Тәжікстан Президенті де оның ерлігін жеке өзі бағалап, «І дәрежелі әскери мінсіз қызметі үшін» наградаласын табыстаған. Сол сәтте айтылған «қолыңды жума, Тәжікстан Президенті өзі сені марапаттады» деген сөз оның жадына ерекше сақталып қалды. Бұл оның ерлігі тек бір елде емес, екі мемлекет деңгейінде мойындалғанының дәлелі болды.

Кейін Шорман Алматыдағы әскери госпитальда өмір жалғастырып, елге оралды. Бейбіт өмірге бейімделіп, еңбек жолын жалғастырды. Ол – механизатор.



Кейін Балқаш қаласында түрлі қызметтер атқарып, ұзақ жылдар ішкі әскер қатарында старшина болып қызмет етті.

– Бейбіт өмірге оралғаннан кейін еңбек жолымды жалғастырдым. Ұзақ жыл бойы Қазақстан Ішкі әскерінің 6505 әскери бөлімінде келісімшарт негізінде қызмет еттім. Тұрасын айтқанда, 20 жыл бойы әскер қатарында абыроймен еңбек етіп, старшина шенінде зейнетке шықтым. Әскер – менің өмірімнің бір бөлігі. Сол жолда талай нәрсе көрдік. Бірақ, бір нәрсені әрқашан айтамын. Еліміз тыныш болсын! Біздің балалар соғыс көрмесін!, – дейді Шорман Абзалов.

Отбасылық өмірінде ол Айнур Қосдәулетқызымен шаңырақ көтеріп, төрт бала тәрбиеледі. Ұлы Айдар әке жолын жалғастырып, әскери қызметті таңдады. Бұл – ұрпақ сабақтастығының айқын көрінісі.

Айта кетейік, бүгінде Пшихарв шатқалындағы шайқас ұмыт қалған жоқ. Жыл сайын 7 сәуір күні қаза тапқан жауынгерлер еске алынады. Шымкент пен басқа қалаларда олардың есімдері берілген ескерткіштер орнатылған. Душанбе қаласында да қазақстандық жауынгерлерге арналған мемориал бар. Қазіргі уақытта Балқаш қаласында Тәжік-Ауған қақтығысына қатысқан 23 ардагер тұрады. Сол ардагерлердің басын қосып, елдік пен ерлікті ұлықтап жүрген азамат – Ергали Өмірзақов. Ол Тәжік-Ауған ұрыс қимылдары ардагерлер бірлестігінің төрағасы ретінде жастармен кездесулер өткізіп, патриоттық тәрбиеге үлес қосып келеді. Шорман Абзалов та сол бірлестіктің белсенді мүшесі ретінде жұмысын жалғастыруда. Олар мектептерде, жиындарда соғыс шындығын айтып, бейбіт өмірдің бағасын түсіндіреді. Шорман Абзаловтың өмір жолы – ерлік пен адалдықтың айқын көрінісі. Оның көз алдында жолдастарының қаза табуы, өзі ауыр жараланып аман қалуы және екі ел тарапынан да жоғары бағалануы – сол кезеңнің тарихи шындығын айқын көрсетеді. Бұл оқиға ұрпақ жадында сақталатын ерлік шежіресі болып қала береді.

БАЛҚАШ

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан



3-ші взвод құрамы. 7 рота. Ш.Абзалов бірінші қатарда, сол жақтан бірінші

«Отанға қызмет етемін!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Қазір бәріміз ҰБТ-ға дайындалып жатырмыз. Әскерге бару – міндет. Бірақ, алдымен оқуға түсіп, мамандық алу маңызды деп ойлаймын. Өйткені, «Әскерге барып бір жыл уақытыңды босқа өткізесің» дегенді жиі естиміз. «Халық айтса, қалып айтпайды». Сондықтан, білім алу – басты орында, – дейді аты-жөнін атамауды өтінген мектеп бітіруші.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің студенті Ерсултан Нұртайдың пікірі мүлдем өзгеше. Оның айтуынша, әскерге бару – міндет қана емес, болашаққа салынған инвестиция.

– Әскерге барып келсем, кейін алаңсыз жұмыс істеймін. Қазір әскерге барып келгендерге артықшылық беріледі. Бастысы – өзін де өзгересін. Тәртіпке үйренесін, жауапкершілік артады. Аға буын «Әскер көрген жігіттің ойы да, қозқарасы да бөлек болады» дейді. Сол себепті, мұны уақытты босқа өткізу деп емес, өзімді шындайтын кезең деп қабылдаймын, – деді ол.

Ал, әскерден келген жастардың көзқарасы, әдетте, тәжірибеге негізделеді. Қарағандылық Әмір Аллабергенов бір жылдық әскери қызметтің өзіне үлкен өзгеріс әкелгенін айтады.

– Алғашқы айларда тәртіпке үйрену, бөтен ортаға бейімделу оңай емес. Десе де, уақыт өте келе шыңдаласың. Әскер маған шыдамдылық пен жауапкершілікті үйретті. Қазір ойлап отырсам, бұл өмірлік тәжірибе екен. Барып келгенім дұрыс болыпты. Әскерден қашып жатқандарды түсінбеймін. Оған әлеуметтік желіде тарап жатқан түрлі жазбалар себеп. Дегенмен, ол жазбаның шындық екеніне көз жеткізбей тұрып, алаңдауға орын жоқ, – деп пікірімен бөлісті.

Жақында ғана азаматтық борышын өтеп келген Айбек Рахымжан әскерде әр азаматтың физикалық әрі психологиялық тұрғыдан да өсетінін айтады. Бұрын мән бермеген нәрселерге жауапкершіліктен қарай бастайтынын алға тартады.

Ата-аналар қауымы үшін бұл тақырып әрдайым – өте өзекті.

– Әрине, ана болған соң алаңдайсың. Бірақ, ұлымың ер-азамат ретінде қалыптасуына әскердің пайдасы бар. Бұл – әр ер-азамат өтуі тиіс өмірдің бір кезеңі. Қазір сарбаздарға бар жағдайды жасап жатыр деп естиміз. Ең бастысы, бала аман-есен

кетіп, дін аман оралса құба-құп. Қауіпсіздік мәселесі алаңдатпаса болғаны, – дейді қала тұрғыны Айгүл Қуанышқызы.

Қала тұрғындарының көбісі жас буынды әскерге баруға қызықтыратын бағдарламаларды көбейту қажеттігін алға тартады.

Осы тұста Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен жоғары оқу орындары арасында жасалған келісімнің әскери қызметтің әлеуметтік маңызын арттыруға бағытталған нақты әрі жүйелі қадам екенін айтқымыз келеді. 2023 жылдан іске қосылған бұл бастама аясында әскери борышын өтеу кезінде ерекше көзге түскен азаматтарға жоғары оқу орындарында білім гранттарын алу мүмкіндігі берілді.

– Нақты айтсақ, 50-ден астам жоғары оқу орнымен келісім жасалып, «Сарбаз 2.0» цифрлық жүйесі арқылы үміткерлер іріктелуде. Мәселен, «Көктем – 2025» әскерге шақыру науқаны қорытындысы бойынша 18 мыңнан астам азамат білім грантына ие болды. Оның ішінде, Қарағанды облысынан 130-дан астам сарбаз грант иегері атанды. Бұл бастама жастар үшін үлкен мүмкіндік әрі әскери қызметтің беделін арттыратын маңызды шешім. Әскер қатарында үздік нәтиже көрсеткен азаматтарға білім алуға жол ашу – әділдік пен қолдаудың айқын көрінісі, – дейді Еркебулан Мұстағұлов.

Жалғыз ұлы Алматыда әскери борышын өтеп жатқан көпбалалы ана Малика Абдуллаева басында уайымдағанын, тіпті, қорыққанын айтады.

– Қазір бес ай, бір күн болды. Күнделікті таңертең меірбіке тексеріп шығарып, кешке тексеріп кіргізеді екен. Уақытылы тамағын ішеді, жаттығады, демалады. Артық ештеңе жоқ. Бәрі қатаң бақылауда. Өзі жоғары оқу орнына түскен еді. Оған қарамай, азаматтық борышын өтеуге аттанды. Шені жоғары командирлерімен де, өзмен де тілдесіп тұрамыз. Ұлымыз әжептәуір есейіп қалған сияқты. Әскерден абыроймен оралса, оқуы грантка ауыса ма деп дөмеленіп отырмыз. Жақсы жұмысқа орналасса, үйленіп, бала-шағалы болса деп армандаймыз. Денсаулығы жапар тұрып, әскерден жалтарған жігіттер Отан қорғап жарытпа ма екен? – дейді көпбалалы ана Малика Абдуллаева.

Сарапшылардың айтуынша, мұнда жастардың ғана емес, тұтас қоғамның көзқарасы өзгеріп отырғанын алға тарта-



ды. Соңғы жылдары осы бағытта нақты қадамдар жасалып жатыр. Әскерге шақыру процесі цифрландырылып, ашықтық деңгейі артқан.

– Қазір шақыру процесі электронды жүйе арқылы жүргізіледі. Бұл – ашықтықты қамтамасыз етеді, адам факторының араласуын азайтады. Сонымен қатар, медициналық тексерулер де жүйеленген. Негізгі мақсат – әділ әрі түсінікті жүйе қалыптастыру, – дейді Еркебулан Мұстағұлов.

Цифрландыру сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетіп, азаматтардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Дегенмен, мамандар жаңа жүйеге бейімделу үшін ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет екенін айтады.

Әскерге барудан жалтару мәселесі әлі

күн тәртібінен түспей тұр. Бірақ, мұны жазалау арқылы шешу мүмкін емес. Бастысы – патриоттық тәрбие. Жастарға Отан қорғаудың мәнін түсіндіру керек. Мұны педагогтер де қолдайды.

– Патриоттық тәрбие әскерге шақыру кезінде емес, мектептен, отбасынан қалыптасады. Сонда әскер жасына келгенде «Барасың ба, бармайсың ба?», – деген сұрақ туындамайды. Әскерге бармай сылтау айтуды намыс санап, қасқая жүріп, борышын өтеп келетін, келген соң да сол үйреніп келген тәжірибесі арқылы қоғамға пайдалы тиізіліп, ел ағасы атанатын небір арда азаматтар бар. Солардан үлгі алу ләзім, – дейді Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің оқытушысы Ербұлан Мақатай.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, кей-

бір елдер толық кәсіби армияға көшкен. Алайда, Қазақстан үшін бұл модель әзірге толық сәйкес келмейтінін айтады сала мамандары.

– Ел қорғау – әр азаматтың парызы. Бұл – тарихи сабақтастық. Егер бәрін тек кәсіби әскерге қалдырсақ, жалпы халықтың жауапкершілігі әлсіреуі мүмкін, – дейді Еркебулан Серікқұлы.

Бүгінгі басты міндет – жұдырықтай жұмылып, «азаматтық борыш» деген қастерлі ұғымның мәнін дұрыс түсіндіру, оның беделін арттыру және қауіпсіз, әділ жүйе қалыптастыру. Сонда ғана әскерге бару мәжбүрлі қадам емес, саналы шешімге айналмақ.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДУЛЛАЕВ



АДАЛ ЕҢБЕК

Ақтылы қой өргізген аяулы ана

Балқашқа бет алған күрежолмен жүйткіген көліктер легі Ақжалдың тұсына таяғанда бір сәтке аялдайды. Жол жиегінен сәл әріректе, жота үстінде менмұдалаған екі қабатты үй тұр. Қараған жанға – жай ғана қоныс. Ал, үйіле қарағанға – тұтас бір ғұмырдың, алыс жылдық маңдай тердің, ұрпаққа ұласқан еңбектің, көптеген жыл бірге соққан қос жүректің белгісіндей. Тасжолдың бойында қала тіршілігінің тынымсыз ырғағы соғып жатса, бергі бетінде – дала тынысы, малдың күйі, тіршіліктің табиғи өзегі бүлкілдейді. Осы бір қарапайым көріністің өзінде қазақтың кешегі мен бүгінгі, еңбектің үзілмеген жібі, ұрпақ сабақтастығы қатар өрілген.

Сол шаңырақтың шырағын жаққан, іргесін бекітіп, ортақ тағдырдың көсегесін еңбекпен көгерген жан, әйгілі әрі майталман аға шопан, Ленин орденінің иегері, елге сыйлы биыл 80 жасқа толып отырған – Алмагүл Молдаханова.



ырғағын қалыптастырған – оның болмысы.

Белгілі шопан Мұхтар Мағауовтың да еңбегі елеусіз қалған жоқ. 1980 жылы оған «Мал шаруашылығының бірінші санаты шебері» атағы берілді. 1972 жылы «Урал» мотоциклі, 1991 жылы 25 жылдық еңбек өтілі үшін «Москвич-412» автокөлігі сыйға тартылған.

2010 жылы Мұхтар Мағауов І дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталса, одан бөлек 2018 жылы «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін, 2023 жылы «Құрметті ардагер» атағын және Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасын алды. 2024 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Осы толағай табыстың арғы жағында Алмагүлмен бірге атқарылған ортақ еңбек жатқанын ұмытпаған жөн.

Туелсіздік кезеңі ауыл адамдары үшін үлкен сын болды. Совхоздар тарап, бұрынғы жүйе күйреді. Көпшілік жаңа жағдайға бейімделе алмай, тығырыққа тірелді. Ал, Мұхтар мен Алмагүл бұл кезеңді мүмкіндікке айналдыра білді. Олар өз еңбегіне, тәжірибесіне сүйеніп, «Мәнет» жеке шаруашылығын құрды. Бүгінде олардың шаруа қожалығы – ірі шаруашылықтың бірі. Қазір тізгіні екі ұлы мен бір немересінде.

Отар-отар қой, үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр айдап, шекесі шылқып отырған шаруашылық иелері елдің әл-ауқатын арттыруға да үлес қосып келеді. Өйткені, шаруашылықта ондаған отбасы еңбек етеді. Бұл – басқару мәдениетінің, еңбек тәртібінің, отбасы бірлігінің көрінісі.

Алмагүл апайдың тағы бір үлкен еңбегі – ұрпақ тәрбиесі. Отағасы екеуі жеті бала өсіріп, оларды өмірге бейімдеп, еңбекке пісіріп жеткізді. Бүгінде бәрі еңбектің қадірін білетін, тәрбиелі әрі көргенді болып өскен.

Кейіпкеріміздің перзенттерінің басым бөлігі отбасылы, немере-шөбере сүйіп отырған үлкен әулетке айналған. Шаруашылықты да осы ұрпақ жалғастырып отыр. Бұл – еңбектің үзілмеген желісі.

Мемлекеттік қызмет ардагері, Шет ауданының Құрметті азаматы Әділ Бәкіров бұл отбасымен бала кезден таныс.

– Мұхтар екеміз 10-шы ауылдың тумасымыз. Керней деген елденбіз. 1966 жылы Ақшатау кентінде 11 класты бірге бітірдік. Мен оқу қуып кеттім. Мұхтар оқу бітірісімен Ленин орденді шопан, менің рұласым Алмагүл Молдахановаға үйленіп, шопан таяғын ұстап, бірден еңбекке араласты. Екеуі де бақытты еңбектен тапқан. Елге сыйлы, қоғамда өз орны бар тұлғаға айналды. Отбасымызбен араласып тұрамыз, той-думанда бас қосамыз. Қазір шаруашылық адамдары бұрынғыдай насихатталмайды. Мақала жазып, ұлықтап жатқан «Орталыққа» мың алғыс. Жастар осындай тұлғалардан үлгі алса құба-құп, – дейді Әділ Қалдырұлы.

Бүгінде Алмагүл апай қалада, немересінің жанында. Бірақ, оның өмірінің негізгі бөлігі далада өтті. Сол Ұлы Дала оның мінезін қалыптастырды. Сабырлы, бірақ қайсар, қарапайым, бірақ берік. Оның өмір жолы – табанды еңбектің жолы. Әрбір марапат – маңдай тердің өтеуі. Әрбір жетістік – төзімнің нәтижесі.

Кейіпкеріміз туралы таңды-таңға ұрып айтуға болады. Ақжалдың тұсындағы жол жиегіндегі қос қабатты үйден басталған әңгімеміз кенді өлкенің іргесін ең жайлап жатқан терең тарих пен Алмагүл Молдаханованың тағдыры жайлы ауқымды әңгіменің бір шеті ғана. Заманымыздың белді тұлғасы арқылы тұтас бір дәуірдің портретіне үңілдік. Ол – адал әрі табанды еңбектің терімен жазылып, уақытпен дәлелденіп, ұрпақпен жалғасқан өмір.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алмагүл Молдаханқызының ғұмыры – қазақ даласындағы еңбек адамның классикалық тағдыры. Әр тағдырдың өзіне ғана тән болмысы, қайталанбас мінезі болады. Оның өмір жолына үйілгенде, ең алдымен, көзге түсетіні – таңдау. Иә, ол небәрі 17 жасында-ақ, өз жолын өзі таңдады. Бұл – 1963 жыл болатын. Көп бойжеткен тұрмыс құрып, басқа тірліктің қамына кіріскенде Алмагүл Шопан атаның қасиетті таяғын қолына алып, атқа қонды.

Бұл шешімге келуі де кездейсоқ емес еді. «Мал баққанға бітпей» демекші, әкесі Молдахан – малдың жайын жетік білетін, еңбекті өмірінің өзегі еткен адам болған. «Мал – аманат!» деген түсінік өрмдей Алмагүлдің санасына бала күнінен сіңді. Сондықтан, оның шопандықты таңдауы кәсіби бағыттан гөрі, өмірлік ұстанымға айналды. Сол бір шешім оның бүкіл тағдырын айқындап берді.

Жас шопанның еңбекке қалай кіріскенін замандастары әлі күнге дейін ерекше ілтипатпен еске алады. Қырым науқаны мал шаруашылығындағы ең ауыр, ең қарбалас кезеңнің бірі екені мәлім. Жұмыс күші жетіспегендіктен, сол жылдары мектеп оқушыларын да жұмысқа жұмылдыратын.

Сондай бір сәтте шамамен 17-18 жастағы шопан Алмагүл-

дің күніне 100 қой қырып, ересектерді таңғалдырғаны болашақ соқталы тұлғаның алғашқы қадамдары еді. Қойды жығып үлгермей жатқан жастардың ортасында оның шапшаңдығы, ептілігі, ең бастысы жұмысқа деген жауапкершілігі айқын байқалған.

Мұнда физикалық күштен гөрі, ішкі дайындық, еңбекке деген құрмет басым еді. Ол өзін көрсету үшін емес, жұмысты сапалы жүргізіп, нәтиже көрсету үшін еңбек етті. Дәл осы ұстаным оны өзгелерден ерекшелендірді.

Шопанның тіршілігі – көзге көрінбейтін, бірақ, күн сайын қайталанатын күрес. Бірде ақ түтек боранда жол таппай, ықтасын іздеп, бірде аптап ыстықта жердің тынысын бағып, малдың шөлін басумен өтетін күндер. Бұған Арқаның қысы қатты әрі ұзақ болатынын қосыңыз.

Бір түнде бұрқасын соғып, таң ата жайылымды көміп тастауы мүмкін немесе аяқ астынан соққан ызғар төлдің жанын қыл үстінде қалдырады. Осындай сын сағаттарда Алмагүл Молдаханқызы жай бақылаушы болған жоқ, керісінше, малдың қамқоры, тіршіліктің сақшысы бола білді. Ит-құстың көзіне түскен малды аман алып қалу, қасқыр шапқан түндерде кірпік ілмей, күзетте тұру оның өмірінің үйреншікті дағдысына айналды. Ал, төлдеу науқаны келгенде, әрбір әлсіз қозыны бауырына басып, суықтан аршалап, тіршіліктің нәзік жібін үзіп алмау үшін бар мейірімін тө-

гетін. Осындай тынымсыз еңбекпен төзімнің арқасында ғана ол шопандықтың шын мәнін терең меңгеріп, бұл кәсіпті жай жұмыс емес, өмірлік мұратқа айналдырған аңыз шопанға айналды.

Сондықтан да, Алмагүл Молдаханқызы малдың тілін біліп, табиғаттың мінезін танытын шопандардың сирек буынына жатады. Оның ерен еңбегі еңбегі елеусіз қалмады, нақты нәтижемен өлшенді. 100 саулықтан 110 қозы алу – кездейсоқ жетістік емес, кәсіби шеберліктің шыңы.

Жыл сайын 500 қойдан 550 қозы алып отыру – жүйелі еңбектің, бақылау мен есептің, тәжірибе мен түйсіктің үйлесімі. Мұнда тек еңбеккерлік жеткіліксіз. Стратегиялық ойлау, тәуекелді сезіну, табиғатпен үндесе білу аядай қажет.

Осы қыруар еңбегі үшін Алмагүл Молдаханова кеңестік кезеңнің ең жоғары марапатының бірі – Ленин орденімен наградталды. Сонымен қатар, Лениннің 100 жылдығына арналған медаль және басқа да мерейтойлық марапаттарға ие болды. Оның есімі Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылғандардың қатарында аталды. Бұл – оның еңбегі мемлекет деңгейінде мойындалғанының айқын дәлелі.

Халық ұғымында «Шопан ата қолдасын!» деген тілек – тіршіліктің өзегіне айналған сенім. Қой баққан жан сол пірдің аманатын арқалап жүргендей қабылданған. Сондықтан да, қазақ шопанды

ырыс сақтаушы, тіршілік күзетшісі деп таныған. Осы өлшеммен қарағанда, Алмагүл Молдаханова – сол көне танымның бүгінгі жалғасы. Малды көбейте отырып, құт-берекені еселеген жан.

Сондықтан да, оның 60 жылдық шопандық ғұмыры – Шопан атаға адалдықтың, қазақы дүниелердің сирек буынына жатады. Оның ерен еңбегі еңбегі елеусіз қалмады, нақты нәтижемен өлшенді. 100 саулықтан 110 қозы алу – кездейсоқ жетістік емес, кәсіби шеберліктің шыңы.

1966 жыл – Алмагүл апаның өміріндегі тағдырлық кезең. Осы жылы ол өзінің өмірлік серігі Мұхтар Мағауовпен мәңгілікке серт байласып, шаңырақ көтерді. Екеуін табыстырған да – ортақ еңбек, ортақ тағдыр.

Мұхтар Мағауов – 1948 жылы Шет ауданы, Қарабұлақ ауылында туған. 1966 жылы мектеп бітірісімен-ақ, шопан таяғын қолға алған. Мал шаруашылығын өкіден көріп өскен ол да бұл салаға кездейсоқ келген жоқ.

Екі жастың одағы – отбасы құрып, ұрпақ жалғау ғана емес, еңбек бірлігі болды. Сол 1966 жылдан олар бір кәсіптің жүгін бірге көтеріп келеді. Биыл – осы бірліктің 60 жылдық мерейлі белесі. Бұл – сирек кездесетін өмірлік және кәсіби серіктестік.

Осы еңбек шежіресінің өзегінде Алмагүл апаның тұлғасы айрықша көрінеді. «Әр мықты азаматтың үйінде мықты жары болады» демекші, ол – ұйымдастырушы, тірек, бағыт беруші. Отбасының ішкі тәртібі мен еңбек

• КӘСІПКЕРЛІК

Дәм мен дәстүр

«Қарағанды-Алматы» бағытындағы халықаралық маңызы бар күре жол бойында пайдалануға берілген «Батыр» дәмханасы кәсіпкер Батырбек Жайсанбаевтың бастамасымен бой көтерді.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы аумағы 350 шаршы метрді құрайтын дәмхана небәрі төрт ай ішінде салынып, іске қосылды. Жобаның құны – 150 миллион теңге. 6 жаңа жұмыс орны ашылды.

Кәсіпкер Батырбек Қапасұлы 2013 жылдан бері кәсіпкерлікте. Жұбайы Торғын Ерболатқызымен бірге қоғамдық тамақтануда жүрген тәжірибелі мамандар. Бұған дейінгі нысан орналасқан аумақта көлік қозғалысының азаюы жаңа шешім қабылдауға түрткі болған.

– Уақыт талабына сай өзгеріс қажет болды. Осы жобаны бастамас бұрын еліміздің бірқатар өңірлерін аралап, жол бойындағы сервис жұмысымен таныстым. Жинақтаған тәжірибе нәтижесінде осы дәмхананы ашуды жөн көрдік. «Батыр» атауының өзі көп мағынаны аңғар-

тады. Бұл – ел қорғаған ерлердің рухына тағзым, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің көрінісі. Мен туған жерге деген құрметімді осылайша көрсеткім келді, – дейді кәсіпкер.

Дәмхана заманауи талаптарға толық сай жабдықталған. 49 орындық кең әрі жарық зал жолаушыларға қолайлы етіп салынған. Ас мәзірінде ұлттық тағамдарға басымдық берілген.

Салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Алтай Әбішев жобаның өңір экономикасына серпін беретінін атап өтті. Ал, «Балхашстоматология» ЖШС директоры Қаныш Исақов кәсіпкердің бастамасына жоғары баға берді.

Айта кетейік, кәсіпкер алдағы уақытта қызмет аясын кеңейтуді жоспарлауда.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• «ЖАҢА ҚОНЫС – 2026»

Қарқаралы құшақ жаяды

Қарқаралы ауданының делегациясы Түркістан облысының Сарыағаш қаласында өткен «Жаңа қоныс – 2026» жәрмеңкесіне қатысып қайтты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Жаңа қоныс – 2026» жәрмеңкесі – еліміздің дамуына серпін беретін маңызды бастамалар санатында. Сарыағаш қаласының Мәдениет үйінде өткен конференцияда елдің орталығы мен солтүстігіндегі алты облысынан барған делегациялардың өкілдері баяндама жасады. Одан кейін үш күн бойы өткен ауқымды шаралар барысында өз өңірлерінің еңбек күшін қабылдау мүмкіндіктерімен жан-жақты таныстырды. Жәрмеңкенің негізгі мақсаты осы – халық тығыз орналасқан өңірлердің тұрғындарын жұмыс күші тапшы аймақтарға тарту, ерікті түрде қоныс аударуға ынталандыру, азаматтардың тұрақты жұмыспен қамтылуына жағдай жасау және өңірлер арасындағы теңгерімді дамытуға қамтамасыз ету. Сонымен қатар, бұл бастама халықтың өмір сүру сапасын арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға бағытталған.



Қарқаралының өкілдері – аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айдан Жұмажанұлы Қасымов, Жанатоган, Абай, Балқантау, Тәттімбет ауылдық округтарының әкімдері Қарағанды облысы делегациясы құрамындағы арнайы топ болып, оңтүстіктегі ағайындарға мұндағы жұмыс орындары, көшіп келетін азаматтарды әлеуметтік қолдау шаралары, тұрғын үймен қамту мүмкіндіктері туралы кеңінен мағлұмат берді.

Жалпы, бұл тын бастама осыдан үш

ғасыр бұрын Қаздауысты Қазыбек бастап, оңтүстіктен Сарыарқаға қоныс аударған көптең жалғасы десек те болады. Ақын Олжас Сүлейменов айтқандай, қазақ арбасының дөңгелегі ғаламға жарық пен жылу берген Күн мен тіршіліктің талбесігі Жер үлгісінде жасалған.

СҮРЕТТЕ: Түркістан облысының Сарыағаш қаласында өткен «Жаңа қоныс – 2026» жәрмеңкесінен көріністер.

Сурет автордан

Туған жерге тағзым

Қарағандыда «Таза Қазақстан – таза өлке» экологиялық акциясын ұйымдастыруға «NOMAD CLUB» ЖШС басшысы Аян Нұрмағанбетов мұрындық болса, шараға «Орман» қонақжай үйінің қызметкерлері, «Қарқаралы жастары» еріктілер жасағы және еліміздің әр өңірінен жиналған еріктілер қатысты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Эко-акцияның негізгі мақсаты қоршаған ортаны қорғау, тұрғындар мен қонақтар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және адамдардың назарын табиғат ресурстарын ұқыпты пайдалануға аудару болатын. Экоакцияға қатысушылар

– Астана, Көкшетау, Қарағанды, Теміртау қалаларынан келген еріктілер және аудан жастары күш біріктіріп, Қарқаралы тауларының жақпар тастарындағы, үңгірлеріндегі жазуларды арнайы құралдармен өшіріп, туған жердің табиғатын қалыпқа келтіруге үлестерін қосты.

Таудағы тағылықтың салдарларын жою үшін жұмыла еңбек еткен эко-акцияға қатысушылар жерлеріне және бар-



ша қазақстандықтарға қоғамда тазалық пен тәртіп сақтауға, экологиялық мәселелерді шешуге белсене қатысуға, табиғат аясына шыққанда тағылық жасамауға үндеу жасады.

Қарқаралы ауданы

ҚҰРМЕТ

Қарағанды сәулет мектебінің ұстазы

Кез келген қаланың ең асыл қазынасы – оның тарихында өшпес із қалдырған адамдары әрине. Қарағанды қаласының тұрғындары Қазақстанның Құрметті сәулетшісі, сәулет өнерінің білікті ұстазы Сергей Алексеевич Лебедевтің жарқын есімін зор ризашылықпен сақтап келеді. Ол туған қаласының тарихын терең білетін, оның қайталанбас сәулеттік мұрасын жоғары бағалайтын және сол асыл мұраны сақтауға бар ғұмырын арнаған жан еді. Қарағандының төл перзенті бола тұра, ол бала кезінен-ақ көптеген тарихи ғимараттардың қалай бой көтергенін, қаланың сәулеттік келбетінің қалыптасуын өз көзімен көріп өсті. Кейін сәулет саласының білікті маманы атанған соң, ол бірегей сәулет нысандарын сақтап қалуға белсене атсалысып, олардың жаңғыруы мен қалпына келтірілуіне жаңашылықпен еңбек етті. Бұл кісінің мол тәжірибесі мен терең кәсіби білімі әрдайым түрлі сала мамандары үшін аса құнды болды. Қаланың құрылысын жүргізу және қайта жаңғырту ісімен айна-



лысқан мамандар үшін оның естеліктері мен кеңестері ерекше маңызды және Қарағандының қайталанбас келбетін сақтауға ұмтылған әрбір жанға бағыт-бағдар

беруіне қосылған үлкен үлес еді. Ленинградтағы (Санкт-Петербург) инженерлік-құрылыстық институтын тәмамдағаннан кейін Сергей Алексеевич 1968 жылдан бастап, Қарағанды политехникалық институтында (қазіргі Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті) бар күшін салып, үзбей еңбек етті. Әрдайым кәсіби кемелденуге ұмтылу мақсатында, ол Мәскеу сәулет институтында және Германиядағы сәулет бюросында, еңбектері қатысқан шығармашылық байқауларда жоғары бағаланып өткен тағылымдамалар нәтижелерінде аталып отырды. Қарағанды тарихын терең білуі Сергей Алексеевичті жергілікті телебағдарламалардың тұрақты қонағына айналдырды. Ол қала туралы тартымды, қызықты әңгімелеп, белгілі бір тарихи кезеңнің рухын, сол уақыттың қоғамдық мұраттарын және қалалық сәулеттік мұрасына енген нысандардың көркем бейнеленуін әсерлі түрде жеткізе білетін. С.А.Лебедев – «Қарағанды және Қа-

рағанды облысы» энциклопедиясына енген көптеген мақалалардың авторы. Сонымен қатар, оның Қазақстанда және шетелде жарық көрген газет-журналдарда көптеген жарияланымдары бар. Сергей Алексеевичтің талантының тағы бір қыры – оның акварельдік және графикалық туындылары. Мәскеу мен Қарағанды қалаларындағы көрмелерде бірнеше рет ұсынылған еңбектері оның асқан шеберлігі мен нәзік көркемдік талғамын айқын көрсетеді. Бұл шығармаларда туған өлкенің табиғатына және Қарағандының сәулеттік мұрасына деген шынайы сүйіспеншілігі көрініс тапқан. Сергей Алексеевич елу төрт жылғы педагогикалық қызметке арнады. Оның белсенді қатысуымен 1997 жылы Қарағанды политехникалық институтында «Сәулет» мамандығы ашылды. Ғылыми еңбектерінің маңызды бағыты Қазақстан сәулеті мен қала құрылысы мәселелеріне, Қарағандының сәулеттік мұрасын сақтау мен сәулеттік білім беру саласына арналды.

«Сәулет» мамандығы студенттерінің дипломдық жобалары Қазақстанда және шетелде бірнеше мәрте жүлделі орындарға ие болды. Сергей Алексеевич Лебедевтің ғылыми және педагогикалық қызметі көптеген марапаттармен және құрметті атақтармен лайықты бағаланды. Қарағанды техникалық университетінің «Сәулет» мамандығының түлектері бүгінде Қазақстанның түрлі қалаларында және шетелде табысты еңбек етуде. Олардың көпшілігі Қазақстан Сәулетшілер одағының мүшесі атанып, туған университет қабырғасында белсенді ұстаздық қызмет атқарып келеді. Осылайша олар өз ұстазы Сергей Алексеевич Лебедев өмірін арнаған игі істі жалғастыруда. (Материал Қазақстан Сәулетшілер одағы Қарағанды ұйымының қаржылық қолдауымен жарияланды)

М.В. ЛЮБЧЕНКО,
Қазақстанның Құрметті сәулетшісі,
ҚР Сәулетшілер одағының мүшесі

ФЕСТИВАЛЬ

Әуенге айналған асқақ рух

Жеңіс күніне орай Кеңшілер мәдениет сарайында «Ардагерлер ән салары» атты хор ұжымдарының облыстық фестивалі өтті. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын өнер мерекесі биыл да өңірдің әр түпкіріндегі аға буын өкілдерінің басын қосты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальға Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет аудандары мен Қарағанды, Балқаш, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларынан келген 28 хор ұжымы қатысты. Жалпы, облыстың әр өңірінен жиналған ұжымдар құрамында 600-ден астам өнерпаз сахнаға шықты. – «Қарты бар елдің қазынасы бар» деп халқымыз бекер айтпаған. Бүгінгі фестивалдің басты құндылығы – аға буын өкілдерінің өнерге деген шынайы сүйіспеншілігінде. Сіздердің сахнаға шығып, ән айту арқылы елге рух сыйлап, жас ұрпаққа үлгі көрсетіп жүргендеріңіз – үлкен құрметке лайық іс. Ардагерлердің өнері – жай ғана концерттік бағдарлама емес, бұл – ұрпақтар сабақтастығы-

ның, елдік рухтың, бейбіт күннің қадірін ұғындыратын тағылымды көрініс. Мәдениетке қосып жүрген үлестеріңіз тұтас қоғам үшін маңызды. Барша қатысушыларға мықты денсаулық, шығармашылық шабыт және отбасыларына амандық тілеймін. – деді облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының басшысы Сержан Мұсайын. Сахна төрінде хор ұжымдары халық әндерін, соғыс жылдарындағы рухты шығармаларды және патриоттық тақырыптағы

әндерді әуелете орындады. Әрбір шығармада елге деген сүйіспеншілік, Жеңіс рухына тағзым, бейбіт күнге шүкіршілік сезімі терең көрініс тапты. – Өнер – киелі ұғым. Сол өнерді дәріптеп, сахна төрінде халыққа қуаныш сыйлап жүрген сіздердің әрбір қадамдарыңыз жарқын бола берсін. Бүгінгі фестиваль – ардагерлердің бойындағы қажыр-қайраттың, өмірге деген құштарлықтың, өнерге деген адал ықыластың айқын көрінісі. Ән арқылы елдің енесін көтеріп, көпшілікке

рухани әсер сыйлау – үлкен шеберлікті талап етеді. Барлық хор ұжымдарына сәттілік тілеймін. Сахнадағы өнерлеріңіз әрдайым көрермен жүрегіне жол таба берсін! – деді облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабике Адамова. Өнерлі қариялардың сахнадағы шынайы ықыласы, жарасымды орындаушылық мәнері мен рухты әндері көпшілік көңілінде ұзақ сақталары сөзсіз.

Сурет ұйымдастырушылардан

Медициналық еңбектің әлеуметтік мәртебесі мен маңыздылығын арттыру, мемлекеттік қолдау мақсатында Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйлығын беру конкурсы өткізіледі. Байқауға меншік нысанына қарамастан, Қарағанды облысы аумағында қызмет атқаратын денсаулық сақтау саласының қызметкерлері қатыса алады. Қарағанды облысы әкімінің сыйлықтары мынадай базалық шарттар ескеріле отырып беріледі:

- 1) жоғары немесе орта медициналық білімі болуы;
- 2) жоғары немесе бірінші біліктілік санатының болуы;
- 3) мамандығы бойынша кемінде 5 жыл еңбек өтілінің болуы;
- 4) профилактика, диагностика және емдеудің жаңа технологияларын тәжірибеге енгізуі;
- 5) БАҚ-та мақалалары мен сөйлеген сөздерінің жариялануы;
- 6) «Үздік жас дәрігер» номинациясы үшін мамандығы бойынша 3 жылдан 5 жылға дейінгі еңбек өтілі.
- 7) «Үздік бизнес жоба» номинациясында комиссия үміткерлерді конкурсқа қатысуға жіберу үшін келесі өлшемшарттарды басшылыққа алады:
 - 1) Конкурс тақырыбына сәйкестігі; Жоба конкурстың мәлімделген тақырыбына немесе бағытына сәйкес болуы тиіс;
 - 2) Идеяның түпнұсқалығы: Жоба бірегей болуы және нарықтағы бар шешімдерді қайталамауы тиіс;
 - 3) Жобаның өміршеңдігі: Жобаның қызмет көрсету сапасын арттырудың медициналық инфрақұрылымын табысты іске асыру және дамыту үшін әлеуеті бар екендігінің негіздемесін ұсыну қажет;
 - 4) Жобаның дайындығы: Қатысушылар нарықты талдауды, ілгерілету стратегиясын, қаржылық болжамдарды және т.б. қамтитын егжей-тегжейлі бизнес-жоспарды ұсынуы тиіс;
 - 5) Жоба командасы: Жобаны іске асыру үшін қажетті дағдылары бар білікті команданың (медицина қызметкерлерінің) болуы;
 - 6) Құқықтық негіз: Қатысушылардың бизнес жүргізу үшін барлық қажетті лицензиялары мен рұқсаттары болуы тиіс;
 - 7) Мүдделер қақтығыстарының болмауы: Қатысушылар өздерінің жобалары конкурстың объективтілігіне әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығыстарымен байланысты еместігін растауы тиіс.

Сыйлықтар келесі номинациялар бойынша жыл сайын табысталады:

1. «Үздік ауыл дәрігері»
2. «Үздік хирург»
3. «Үздік акушер-гинеколог»
4. «Үздік жас дәрігер»

5. «Үздік жалпы практика дәрігері»
6. «Үздік орта медицина қызметкері»
7. «Денсаулық сақтаудың үздік ұйымдастырушысы»
8. «Үздік бизнес жоба»
9. «Мамандыққа адалдығы үшін»

Сыйлықтар Қарағанды облысы әкімінің сыйлығы лауреаттарын іріктеу жөніндегі комиссияның ұсынуы негізінде байқау тәртібімен тағайындалады (бұл ретте «Үздік бизнес-жоба» номинациясы бойынша ақшалай сыйлық берілмейді, тек Құрмет грамотасы табысталады). Өкім сыйлығына үміткерлерді ұсынуды медициналық ұйымдар және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекеменшік өріптер жүзеге асырады. Бір үміткер бір уақытта екі немесе одан да көп номинацияға ұсыныла алмайды. Сыйлықты алған тұлға үш жыл ішінде сол номинация бойынша қайта ұсынылмайды. Өкім сыйлығына ұсынылған үміткерлер екі кезеңде қаралады: бірінші кезеңде комиссия үміткерлерді байқауға қатысуға іріктеді; екінші кезеңде жеңімпаздарды айқындап, сыйлық тағайындау туралы шешім қабылдайды. Өкім сыйлығына ие болған тұлғаларға «Қарағанды облысы әкімінің сыйлығы лауреаты» Құрмет грамотасы табысталады. Комиссияның қарауына келесі құжаттар ұсынылады: қысқаша өмірбаяннан мәліметтер, ұсынушы ұйымның ұсыныс хаты, үміткердің маңызды жетістіктерін сипаттайтын мінездеме, дипломдар мен кәсіби біліктілікті растайтын куәліктердің көшірмелері. **Комиссия келесі іріктеу өлшемшарттарына сүйенеді:**

1. Халық денсаулығы көрсеткіштерінің сапалық және сандық жағынан оң динамикасы;
2. профилактика, диагностика және емдеудің заманауи әдістерін қолдануы;
3. дәрігер мен орта медицина қызметкерлерінің тәжірибесін насихаттауы;
4. зерттеу қызметін меңгеруі;
5. дәрігер мен орта медицина қызметкерінің қузыреттілік деңгейлеріне сәйкестігі.

Құжаттар 2025 жылғы 11 мамырға дейін Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасында қабылданады. Барлық мәселелер бойынша Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасына – Денсаулық сақтау қызметкерлеріне берілетін Қарағанды облысы әкімі сыйлығының лауреаттарын іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органына хабарласуға болады. Мекенжайы: Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 2, № 2 кабинет, анықтама телефоны: 559774.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қауіпсіздік өзіңнен басталады

Облыста кең ауқымды «Құқықтық тәртіп өзіңнен басталады» ақпараттық науқаны жүріп жатыр. Оның аясында мектеп оқушыларына бағытталған нақты, тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылып, жасөспірімдердің жолдағы қауіпсіздігі басты назарға алынды.

Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолғы бастама Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық прокуратурасының ұйытқы болуымен, полиция басқармасының қолдауымен өтті. №19 мектеп базасында өткен тренингтің басты мақсаты – жол қозғалысы ережелерін құрғақ теориямен емес, өмірлік мысалдар арқылы түсіндіру



ның қызметкерлері сабақты барынша әсерлі ету үшін нақты мысалдар мен бейне-материалдарды пайдаланды. Жасөспірімдерге жолдан өту кезінде телефонға алаңдаудың, бағдаршам сигналдарын елемудің немесе қарапайым сақтықты сақтамаудың қандай ауыр салдарға әкелуі мүмкін екені көрнекі түрде көрсетілді. Интерактивті бөлім де оқушылар үшін ерекше қы-

зығушылық тудырды. Түрлі жол жағдайлары ұсынылып, қатысушылар дұрыс шешімді өз бетінше табуға тырысты. Мұндай тәсіл тек білім беріп қана қоймай, әр оқушының өз қауіпсіздігіне деген жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді. Кездесу соңында оқушылар мамандарға сұрақтарын қойып, жол қауіпсіздігіне қатысты арнайы жадынамалар алды. Айта кету керек, науқан тек бір мектеппен шектелмейді. Жалпы өңір бойынша қоғамдық ұйымдар, блогерлер, еріктілер, білім беру және мемлекеттік мекемелер бірігіп, құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде.

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 21-32-06 жұмыс істейді.

Жаңалық
әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

ВОЛЕЙБОЛ

Ардагерлер жарыс жолында



Отан қорғаушылар, Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай және Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 37 жыл толуына байланысты Ауғанстан соғысы ардагерлері мен спорт ардагерлері арасында волейболдан облыстық біріншілік өтті.

белсенді өмірлік ұстанымдарыңыз бен қоғамға деген жанашырлықтарыңыз – өскелең ұрпақ үшін өнеге. Мемлекет жүктеген жауапты міндетті абыроймен атқарып, Отан алдындағы борыштарыңызды адал орындадыңыздар.

метте болған Құрмет Абишев өнер көрсетті. Өзінің қызметі Ауғанстанның Герат провинциясында өтіпті. Сол жерде әртүрлі әскери тапсырмалар мен операцияларға қатысқан. Кейін Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығару басталған кезде өзі де сол құраммен бірге елге қайтыпты.

дары Ауғанстанда әскери қызмет атқарған. Бұл турнирге аталған команда жеті ойыншымен қатысқан. – Турнир біз ойлағаннан да жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, бұл турнир – биыл алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «Қарағанды облысының Ауғанстан соғысы ардагерлері және мүгедектерінің одағы» бірлесіп қолға алған.

БӘЙГЕ

Қордайда қара үзді

Жамбыл облысының Қордай ауданында құнан бәйгеде Қарқаралы ауданы Өсібай ауылының тұрғыны Алтынбек Рахмановтың «Асылтас» атты құнаны бас жүлдені жеңіп алды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бәйге – халқымыздың өте көне замандардан келе жатқан ат спорты ойыны, ер серігі жылқының жүйріктігі мен төзімділігін сынағаны жарыс.

сында Алтынбек Сәлімұлының «Асылтас» тұлпары алдына қара салмай, жүздеген тігілген «Нива» автокөлігін ұтып алды. Қазақ жұртының еркіндік сүйгіш рухын паш ететін, жылқы тұлғінің қасиетін көрсететін ат спорты ойындары дамып, бәйге өміршең бола берсін!



Сурет автордан

СПАРТАКИАДА

Ұлт көсемін ұлықтаған аламан

Ақтоғай өңірінде ұлт рухын асқақатқан дүбірлі доға өтті. Әлихан Бөкейханның туғанына 160 жыл толуына орай ұйымдастырылған ұлттық спорт түрлерінен аудандық спартакиада ел бірлігі мен дәстүр сабақтастығын айшықтаған айтулы шараға айналды.

Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауданның әр түпкірінен жиналған 300-ге жуық спортшы көкпар, аударыспақ, теңге ілу, дәстүрлі садақ ату және бәйгеңіз бірнеше түрінен өзара мықтыны анықтады.



ты, қыздардың мергендігі қатар көрінді.

Көкпар көрерменнің делебесін қоздырған басты бәсекелердің

бірі болды. Тартысты өткен сайыста Ақши ауылының командасы қарсыластарынан оқ бойы озып, жеңіс тұғырынан көрінді. Сары-

терек ауылы екінші орынды еншілессе, Үшарал құрамасы үздік үштікті түйіндеді. Шабанбай би ауылы төртінші орынға табан тіреді. Ептілік пен шашандықты талап ететін теңге ілуде Үшарал ауылының спортшысы Мәди Ырыспек қарсылас шақ келтірмей, чемпион атанды.

БАЙҚАУ

Күй күмбезіне құрмет

Арқаның алтын тәжі – Қарқаралының қарағайлы шыңдары бұл жолы Тәттімбеттің «Сарыжайлауындай» құлшырып, «Көкейкестісіндей» күмбірледі. Халқымыздың рухани жадын арқалаған қасиетті күй өнері Тәттімбет Қазанғұлдың атындағы облыстық байқауда қайта жаңғырды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың ашылуында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Нұржан Ілияш ақ тілегін білдіріп, күй өнерінің ұлт тарихындағы орнына айрықша тоқталып өтті.

бұйырды. Сондай-ақ, Астанадан келген Нұрсұлтан Армия арнайы дипломымен және 100 мың теңге сыйақымен марапатталды.

Тәттімбет бабамыздың елінде, оның атындағы дүбірлі доғарда жеңіске жету – қай-қайсымыз үшін де үлкен мәртебе хәм жауапкершілік. Қарқаралының табиғаты мен рухы күйшіге ерекше шабыт сыйлайды екен.

Қарқаралы ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

Екі кезеңнен тұрған доғарда 12 үміткер бақ сынады. Іріктеуде күйдің нақышы мен техникасына мән берілсе, ақтық кезеңде орындаушылардың күйдің күмбірі мен сахналық мәдениеті сарапқа салынды.

Суретті түсірген автор

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZT2003131, БИК КСЗБЖКЗХ БИН 000840001412